

Мұнайгаз саласы бойынша НТҚ бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің 1999 жылғы 7 шілде N 185 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 846. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрлігінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 4 Бұйырығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР мұнай және газ министрлігінің 2011.01.11 № 4 Бұйырығымен.

"Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су қоймаларындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулер жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 693 қараңыз.P101244 Қаулысына, "Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларындағы мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 Қаулысына қараңыз.P101245 және "Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 876 Қаулысына сәйкес бұйырамын:

1. Мұнайгаз саласы бойынша мына нормативтік-техникалық құжаттар бекітілсін және іске қосылсын:

- Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері;

- Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын өткізу кезінде құрылыс жүргізудің техникалық ережелері.

2. Теңіз мұнай операцияларымен айналысатын барлық кәсіпорындар қайтадан енгізілген нормативтік-техникалық құжаттарды (НТҚ) басшылыққа алсын және орындайтын болсын.

3. Мұнай және газ департаменті (Бозымбаев К.А.) Хаглер Баи Сервисез (келісім бойынша) консалтингілік компаниясымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңды тіркелуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ НТҚ-ды көбейту мен таратуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мұнай және газ департаментіне (К.А . Бозымбаев) жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия
және сауда министрлігі

Қазақстан республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі

Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезінде құрылыстарды салудың техникалық ережелері

Р Н Д 9 9

Астана қаласы, 1999

Осы Ережелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қантардағы N 105 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1998 жылғы 11 наурыздағы N 39 бұйрығы бойынша құрылған жұмыс тобы әзірлеген.

О р ы н д а у ш ы л а р :

Хаглер Баи Консалтинг Сервисез компаниясының (Hagler Bailly Services, Inc), Қазақстан Мұнай Ассоциациясының (Kazakhstan Petroleum Association), "Каспиймұнайгаз" ҒЗЖИ Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығының қатысуымен және Американ халықаралық дамыту жөніндегі агенттігінің көмегімен (USAID) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, "Қазақстан Каспий шельф" АҚ.

1 . Ж а л п ы б ө л і м

1. Негізгі терминдер мен анықтамалар

Осы "Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезінде құрылыстарды салудың техникалық ережелерде" (бұдан әрі - Ережелер деп аталады) қолданылатын терминдер мен анықтамалар мынаны білдіреді:

Ішкі су айдындары: көлдер, жасанды су қоймалары және басқа да жер бетіндегі су ресурстары (2)*.

Лауазымдық нұсқаулық: маманның (қызметкердің) лауазымдық функциялары мен жауапкершілігі белгіленетін кәсіпорын басшылығы бекіткен құжат.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарттар жасасу және оны атқару жөніндегі құзыретті орган (бұдан әрі - Құзыретті орган): Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіпке сәйкес мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарттар жасасуға және оны атқаруға тікелей байланысты құқықтарды беретін мемлекеттік орган (1).

Келісім-шарттық аумақ: мұнай операцияларын жүргізу үшін бөлінген және географиялық координаттармен белгіленген аумақ (2).

Теңіз: судың жоғарғы беті және қалыңдығы, Каспий және Арал теңіздерінің негізгі жағалаулық сызығынан бастап Қазақстан Республикасының шегіндегі оның бүкіл ұзына бойындағы Қазақстан Республикасы мен жағалаулық мемлекеттердің арасындағы келісімдердің негізінде белгіленген оның сыртқы теңіз шекараларына дейінгі түбінің үстіңгі беті (2).

* Жакшада 7-тарауда көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің нөмірлері көрсетілген .

Мұнай операциялары: барлауға, өндіруге және онымен мұнайды сақтаудың және оны құбыр желісі көлігімен айдаудың бірыңғай технологиялық циклымен байланысты барлық жұмысты білдіреді (2).

Нормативтік құқықтық акт: Референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттік лауазымды тұлғасы қабылдаған, құқықтық нормаларды өзгертін, тоқтатылатын немесе олардың әрекеті тоқтатыла тұратын құқықтық актілерді айқындайтын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат (5).

Қоршаған орта: табиғат объектілерінің, оның ішінде тірі, сондай-ақ жансыз, атмосфералық ауаны, суды, топырақты, жер қойнауын, жануарлар және өсімдік дүниесін қоса алғандағы табиғат ресурстарының жиынтығы, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетіндегі ауа-райы (13).

Оператор: Мердігердің (Мердігерлердің) келісім-шарт аумағында жұмысты ұйымдастыру және жүргізу үшін құратын заңды тұлғасы.

Мердігер: "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Құзыретті органмен келісім-шарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушы (2) .

Іздестіру жұмыстары: мұнай мен газдың тың кен орындарын тапқанға дейін келісім-шарттық аумақта жүргізілетін мұнай операциялары.

Практикада қолданымдылық: өзін басым немесе жақсы көрсеткен технология , жұмысты ұйымдастырудың және өндірістің тәжірибесі.

Барлау жұмыстары: мұнай мен газдың анықталған тың қорын айқындау мақсатында келісім-шарттық аумақта жүргізілетін мұнай операциялары.

Кен орындарын игеру: мұнай мен газды алуға және өткізуге тікелей байланысты жұмыстардың барлық түрі.

Құрылыс: мұнай мен газды іздестіру, барлау мен әзірлеу кезінде тікелей пайдаланылатын барлық тұғырлар (стационарлық немесе жылжымалы), бұрғылау қондырғылары, скважиналары, өндіру қондырғылары, мұнай-газ желілері, жасанды аралдар, арналар, бөгеттер, ғимараттар, жолдар.

Стандарт: стандарттау объектісіне нормалардың, ережелердің, талаптардың кешенін белгілейтін стандарттау жөніндегі құжат.

Қосалқы мердігер: Операторға белгілі бір қызметтер көрсетуге өзімен келісім немесе шарт жасалған заңды тұлға.

2 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

2.1. Теңізде және ішкі су айдындарында құрылыстың кез келген түрін жобалау, салу, техникалық қызмет көрсету, тоқтату және жою жөніндегі барлық жұмыс осы "Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезінде құрылыстарды салудың техникалық ережелерге" және осы мәселелерге қатысы бар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы ережелердің талаптары меншік нысаны мен шыққан еліне қарамастан, теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізетін барлық ұйымдар мен кәсіпорындарға қолданылады.

2.2. Осы ережелер Мердігерлер мен компаниялар - Операторлардың (бұдан әрі - "Оператор") жұмыстарының тәртібі мен жүргізу тәсілдеріне қойылатын негізгі талаптарды қамтиды.

2.3. Мердігер осы Ережелер талаптарының сақталмағандығы үшін белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

2.4. Осы Ережелерге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды энергетика, индустрия және сауда саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыратын, (4) осы Ережелерді бекіткен орталық атқарушы орган, немесе жұмысты қауіпсіз жүргізу бөлігінде мүдделі бақылаушы және қадағалаушы органдардың келісімі бойынша оның құқықтық мұрагерлері енгізеді, ол барлық Мердігерлер мен Операторлардың назарына жеткізіледі.

2.5. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда немесе келісімдерде осы Ережелерден өзгеше нормалар белгіленген болса, онда

халықаралық шарттардың немесе келісімдердің ережелері қолданылады.

2.6. Егер мемлекеттік органның уәкілетті өкілі Операторға операцияларды осы Ережелерде және ҚР қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерінде айтылмаған осы мәселелерге қатысы бар және осы Ережелерге қайшы келмейтін, осы Ережелер бекітілгенге дейін анағұрлым жоғары немесе тиісті деңгейде қабылданған тәртіпке сәйкес жүргізуге ұйғарымдама берсе, оның салдары үшін (яғни қауіпсіздік тұрғысында да, сондай-ақ қаржылық тұрғыда да) жауапкершілік (әкімшілік және қаржы) уәкілетті өкілі ұйғарымдама берген мемлекеттік органға ж ү к т е л е д і .

2.7. Оператор өзінің бөлімшелері үшін осы Ережелердің талаптарын жаттанды тәптіштеуге бағытталған нұсқаулықтарды әзірлеу мен енгізуге құқығы бар, ал нормативтік құқықтық актілермен белгіленген жағдайда бұған міндетті.

2.8. Құрылыстарды жобалауды, салуды, техникалық қызмет көрсетуді, тоқтату мен жоюды белгіленген тәртіппен (17, 18, 26) қызметтің тиісті түріне мемлекеттік лицензия алған заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

2.9. Жұмыстардың жобалары осы Ережелердің талаптарына сәйкес жасалуы, белгіленген тәртіппен (6,9, 12,15, 16,27) бақылаушы органдармен келісілуі және оны Құзыретті орган мен Мердігер (Оператор) бекітуі тиіс.

2.10. Барлық қолданылатын техникалық құралдардың, жабдықтың, конструкциялардың, приборлардың, материалдардың белгіленген үлгідегі (19-21) төлқұжаты немесе сертификаты болуы және жұмыстың шарттары мен мақсатына , қолданылып жүрген нормаларға стандарттар мен ережелерге жауап беруі және төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органмен келісілген тізбе мен тәртіпке сәйкес тіркеуден өтуі тиіс.

2.11. Жұмыстарды жобалау кезінде шетелдік немесе халықаралық стандарттар қолданылған жағдайда, олар Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркеуден өтуі тиіс (10).

2.12. Оператордың Құзыретті органмен келісіп жұмыстардың жобасына өзгерістерді қоршаған ортаға әсердің сипатын қолданылып жүрген әдістемелерге , техникалық құралдарға, жабдықтарға, конструкцияларға, материалдарға елеулі өзгерістер жүргізілмей және жұмыс істеушілер мен тұрғындардың денсаулығына тәуекелді ұлғайтпайтын жағдайда ғана тиісті шешімдерді ресімдей отырып

енгізуге құқығы бар. Басқа жағдайларда енгізілетін өзгерістер сондай-ақ тиісті бақылаушы және қадағалаушы органдармен келісілуі тиіс.

2.13. Оператор жобалық шешімдерге өзгерістерді егер бекітілген жобалық жұмыстарды Оператордың өзгерістер енгізу құқығы айтылған жағдайда ғана төтенше жағдайларда енгізе алады.

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері мен функциялары

3.1. Өкілеттіктер мен функциялардың (15, 16) белгіленген бөлінісіне сәйкес орталық және атқарушы органдар Оператордан қажетті ақпаратты беруді талап етуге, Операторлар орындайтын мұнай операцияларына инспекциялар жүргізуге құқығы бар. Себептер жойылғанға дейін, егер олар жұмыстардың жобасынан және осы ережелерден елеулі ауытқумен, қызметкерлердің денсаулығына, тұрғындарға, қоршаған ортаға, мүлікке, мұнай мен газдың жатқан жеріне, орындалатын жұмыстардың сапасын төмендете отырып елеулі залал келтіріп (немесе залал келтіру қаупі) жүргізілетін болса, нақты учаскелерде кез келген жұмысты тоқтата алады.

3.2. Орталық және атқарушы органдар Операторларға мұнай операцияларын ұйымдастыруға, талап етілетін келісулер мен рұқсаттарды алуға тиісті жәрдем көрсетеді.

2. Жұмыстарды жобалаудың тәртібі мен шарттары

4.1. Құрылыс объектілерін жобалаудың немесе құрылыстарды қайта жаңартудың алдында қолданылып жүрген талаптарға сәйкес инженерлік зерттеулер (инженерлік-гидрографикалық, геодезиялық, геологиялық, гидрометеорологиялық, экологиялық) зерттеулер жүргізіледі (11) Оператор зерттеу процесінде алынған материалдар мен мәліметтердің толық болуы мен кәмілдігіне жауапкершілікте болады.

4.2. Инженерлік зерттеулерді жүргізу үшін Құзыретті орган бекітетін олардың жобалары жасалады. Инженерлік зерттеулердің нәтижелері Құзыретті органға беріледі және жұмыстардың жобаларында қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін пайдаланылады және олар жұмыстарды жобалауды, оның қауіпсіздігі мен сапалы жүруін ұйымдастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

4.3. Келісім-шарттық аумақтарда жоспарланатын мұнай операцияларының сатылары бойынша, жекелеген құрылымдарда немесе кен орындарында мынадай тиісті жобалар жасалады:

- Мұнай мен газды іздестіру жобасы,
- Мұнай мен газды барлау жобасы,
- Мұнай мен газдың кен орындарын игеру жобасы.

Аталған жобаларға жұмыстардың көзделген кезеңінің негіздемесі, оларды жүргізудің тәртібі, құрылысты салу үшін жоспарланған техникалар мен жабдықтардың сипаттамалары, күтілетін нәтижелері, сондай-ақ жұмыстарды Қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру, қоршаған ортаны, жер қойнауын қорғау мәселелері айтылатын бөлімдер кіреді.

4.4. Кен орындарын игеруді жобалау белгіленген тәртіппен жүргізіледі (12).

4.5. Қосымша құрылыстарды салуға және пайдалануға (мұнай кәсіпшілігінің құрылыстары, жүзетін бұрғылау қондырғылары және т.б.) жеке жобалар әзірленеді. Мұндай жобалардың құрамы кен орындарын іздеу, барлау немесе игеру жобаларымен салыстырғанда қарапайым болуы және тек ерекшелікті өзгерістер мен тиісті органдармен келісім бойынша толықтыруларды ғана білдіріуі мүмкін.

4.6. Мемлекеттік күрделі салымды немесе инвестицияларды талап ететін, кейін оларды мемлекет өтейтін ірі және күрделі кәсіпорындарды, құрылыстарды салуды жоспарлау сатысында қабылданатын негізгі техникалық шешімдердің, сондай-ақ объектілердің құрылысын жобалау, салу және кейін пайдалану үшін қажетті деректер мен көрсеткіштердің орындылығының техникалық-экономикалық негіздемелері (ТЭН) жасалынады. Мұндай жағдайларда олардың негізінде ірі және күрделі кәсіпорындарға, құрылыстарға арналған құрылыс жобалары (жұмыс құжаттамасы) жасалады.

5. Мұнай мен газды іздеу мен барлау жобаларының міндетті құрамы

5.1. Жалпы түсіндірме жазба. Жобаны әзірлеуге арналған негіздеме, көзделген жұмыстардың мақсаты мен жалпы сипаттамасы, жобаның бастамашылары мен әзірлеушілері туралы мәліметтер, қажетті лицензиялардың болуы. Жобаның мемлекеттік нормаларға, қағидаларға, стандарттарға, негізгі

деректерге және мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шартқа сәйкестігін растау.

5.2. Жұмыстардың орналасқан жері, табиғат-климаттық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары. Елді-мекендердің, тұрғындардың құрамы мен қызметі, өнеркәсіп салалары, мұнай-газ желілері, темір жол және автомобиль жолдары, әуежайлар, теңіз және өзен порттары, байланыс түрлері туралы, жобалау үшін қажет немесе оларға көзделген жұмыстар әсер етуі мүмкін табиғат және климаттық жағдайлар, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және т.б. туралы мәліметтер. Шолу картасы қоса беріледі.

5.3. Қоршаған орта жай-күйінің сипаттамасы
Белгіленген тәртіппен әзірленеді (15).

5.4. Алаңдардың геологиялық құрылысы (орналасқан жері) және жұмыстарды мәселе етіп қоюдың негіздемесі. Геологиялық-геофизикалық зерттелуі, жобаланған жұмыстарды негіздеу тұрғысынан нәтижелері, сапасы мен олардың бағалануы. Тектоникалық жағдайы, кеніштің құрылымы мен литологиялық-стратиграфикалық қысқаша сипаттамасы. Анықталған мұнай-газ көлемі және болашағы, кеніштің гидрогеологиялық сипаттамасы, көзделген жұмыстардың геологиялық міндеттері, сейсмикалық тұрғыда орналасқан жерлердің негіздемесі, скважиналар мен олардың тереңдігі, бұрғылаудың кезектілігі. Скважиналарды жүргізудің геологиялық жағдайлары, қаттылық санаты және жыныстардың абразивтілігі, қабаттық қысым және температура, гидроажыраудың қысымы, мүмкін қиындықтар (төгілу, ұңғының тарылуы, жұтылу, рапаның көрінуі және тағы басқалар) тектоникалық схема, геологиялық-геофизикалық кеніштің жиынтығы, бейіні, карталары және басқалар қоса беріледі.

5.5. Құрылыстың жоспары және жұмыстарды жүргізу

5.5.1. Жалпы талаптар. Негізгі сызбаларды қоса бере отырып үйлердің, ғимараттардың, коммуникациялардың, инженерлік желілердің, техниканың, жабдықтардың, приборлардың, материалдардың, конструкциялардың үлгілерін орналастыру мен таңдаудың жоспарын негіздеу. Технологиялық мұқтаждықтар үшін ресурстардың негізгі түрлеріне қажеттілік, жұмыс істейтіндердің санының және кәсіптік-біліктік құрамының есебі, жұмыстарды басқару. Құрылыс пен жұмысты жүргізудің тәртібі, технологиялық процестердің принципті схемасы.

5.5.2. 5.5.1-тармақта көрсетілген басқа жер сейсмологиялық-барлау жұмыстарын жоспарлау кезінде мынадай деректер енгізілуі тиіс:

- Дала жұмыстарына арналған көлік құралдары өңдеулер мен өзгертулер жұмыстар базасы; жабдық пен аппаратура;
- Жабдықтарды жұмылдыру және жұмылдырудан алу.

5.5.3. 5.5.1-тармақта көрсетілгендерден басқа тұғырлардың, жасанды аралдардың құрылысын жоспарлау кезінде сондай-ақ мынадай деректер енгізілуі тиіс :

Материалдар мен құрылыстың әдістерін сипаттау, сызбалар, пайдалану мерзімі туралы ақпарат және жұмыс жүктемесінің есебі, сапа стандарттары, сапаны бақылаудың тәртібі, тексерудің әдістері мен ауқымы. Дайын конструкцияларды қолданған жағдайда жоспарланып отырған жұмыс жүктемесі конструкциясының шыдас беретіндігін-бермейтіндігін айқындау үшін мұның алдындағы оларды пайдалану мен жүктеме ескерілуі тиіс. Егер объект уақытша пайдалану үшін салынатын жағдайда оны монтаждан алу жөніндегі жоспарланған жұмыстар енгізілуі тиіс.

5.5.4. 5.5.1. тармақта көрсетілгендерден басқа скважиналардың құрылысын жоспарлау кезінде сондай-ақ мынадай деректер енгізілуі тиіс:

5.5.4.1. Бұрғылау қондырғысы. Бұрғылау қондырғысының және оның негізінің үлгісін таңдау алуды негіздеу. Монтаждаудың тәсілдері, жабдықтың орналасуының схемасы және оның қысқаша сипаттамасы. Бұрғылау қондырғысын жұмылдыру мен жұмылдырудан алудың жоспары.

5.5.4.2. Скважинаның конструкциясы және бұрғылау ерітіндісі.

Скважинаның конструкциясы геологиялық-геофизикалық зерттеулерді жүргізуді, егер міндетінде болса, пласттарды тиімді пайдалануды, жер қойнауын сенімді қорғауды және авариялардың ең төменгі тәуекелін қамтамасыз етуі тиіс. Скважиналардың диаметрін, обсадты трубаларды және түсу тереңдігін негіздеу. Бұрғылау ерітіндісі өнімді пластты сапалық ашуды және авариялардың төмен тәуекелімен бұрғылауды қамтамасыз етуі тиіс. Бұрғылау және түсіру-көтеру операциялары кезінде ерітіндінің жұмсалыу көлемін, ерітіндінің запастағы көлемін, ерітіндідегі күкірт сутегісін бейтараптандыруды, ерітіндідегі және ерітіндіден оның мүмкін бөлінуі учаскелерінде газдың ұсталуын тіркеуді және жабдықты желдету жүйелерімен жандандыруды ұдайы есепке алуды көздеу керек. Бұрғылау аралықтары бойынша параметрлер, бақылаудың кезеңділігі. Ерітіндіні әзірлеу және оның бұрғылауға ең аз сапасын дайындау үшін қажетті

5.5.4.3. Бұрғылау колоннасын жинақтау және бұрғылау режимі. Қажетті бұрғылау құралын және бұрғылау аралықтары бойынша бұрғылаудың параметрлерін негіздеу және есептеу.

5.5.4.4. Геологиялық-геофизикалық зерттеулер, қыртысты алу және пласттарды сынақтан өткізу. Іздестіру скважиналарына арналған зерттеулердің көлемі кенішті литологиялық-стратиграфикалық бөлшектеуді, бүкіл кеніш бойынша коллекторларды байытудың сипатын айқындауды, бүкіл кеніштің радиоактивтілігін, температурасын зерттеуді, осы аймақта бұрын зерделенбеген жер қыртыстарының қасиеттерін зерделеуді қамтамасыз етуі тиіс. Зерттеудің іздестіру және барлау скважиналары бойынша зерттеулер алаңның геологиялық құрылысы, коллекторлық қасиеттері мен өнімді көкжиектердің пластты флюидтерінің қасиеттері туралы пікір үшін, сондай-ақ мұнай мен газдың запасын есептеуді дайындау үшін жеткілікті болуы тиіс. Обсадты колонналарды, скважиналардың ұңғыларының траекториясын цементтеудің сапасын айқындау жөніндегі зерттеулер және скважиналарды жүргізу немесе кеніштің сейсмикалық-акустикалық жағдайларын нақтылаудың технологиялық мұқтаждықтары үшін қажетті басқа да зерттеулерді көздеуі тиіс.

5.5.4.5. Скважиналарды бекіту бағдарламасы. Беріктігі бойынша колонна үшін обсадты колонналар мен цементті қабықтар авариялық жағдайлар кезінде барынша күтілетін қысымға төтеп беруі, бұрғылау ерітіндісінің колоннадан тыс циркуляциялануына, пластаралық ағуларға және грифондардың пайда болмауына жол бермеуі, коррозиялық әсер етулерге орнықты болуы тиіс. Обсадты колонналар мен цементтеудің, қажетті материалдардың санының есебі жү р г і з і л е д і .

5.5.4.6. Шығарып тастауларға қарсы жабдық және сағаны байлап тастаудың схемасы және обсадты колонналардың герметикалығын сынау. Нақты геологиялық жағдайларға, бұрғылау станогының үлгісіне, жергілікті жердің жағдайларына байланысты схема жасалады және төтенше жағдайларды қадағалау органдарымен келісілген үлгілік схеманың негізінде сағаны бекіту үшін қажетті жабдықты таңдап алу және герметикалығына сынақ жүргізудің әдістерін негіздеу (қысым, сұйықтың тығыздығы, деңгейдің төмендеуі) жү р г і з і л е д і .

5.5.4.7. Қондырылған скважинада жер қабатын сынау. Сынауға арналған трубалардың, перфорация әдістерінің, ағып шығудың есебі, байлап тастаудың схемасы және гидродинамикалық зерттеулер. Мұнай мен газды жинауға немесе жағуға арналған құрылғылар.

5.5.4.8. Құрылысты аяқтаған соң скважинаны жою, тоқтатып тастау немесе беру жөніндегі жұмыстардың бағдарламасы. Скважиналарды жою мен тоқтатып тастау жөніндегі жұмыстар пластаралық ағып шығуларға жол бермеу және пластты флюидтардың жер бетіне шығуына жол бермеу мақсатында жер қабатын берік бекітуді қамтамасыз етуі тиіс. Жойылатын скважиналардың сағалары түпкі орныққан жерінен төмен кесіледі. Жойылатын және тоқтатылатын скважиналардың сағалары қажетті тиек арматурасымен және қорғаныш құрылғылармен жабдыкталады.

5.5.4.9. Мемлекеттік-техникалық қамтамасыз ету. Материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тәртібі мен шарттары беріледі, көлік қозғалысының маршруттары мен кезеңділігі белгіленеді.

5.5. "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар", "Тәуекелді талдау, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жоспары", "Қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерді бағалау", "Табиғатты пайдаланғаны үшін және төтенше жағдайлар кезінде қоршаған ортаға немесе объектілерге мүмкін болатын залал үшін төлемдердің есебі" және "Мониторинг бағдарламасы" бөлімдері белгіленген тәртіппен әзірленеді (15 және 16).

5.6. Күтілетін нәтижелер. Мұнай мен газдың күтілетін запастарының есебі, көзделген жұмыстардың шығындары мен тиімділігін бағалау.

6. Жұмысты жүргізуге қойылатын талаптар

6.1. Мердігер мыналарды қоса алғанда Оператор мен қосалқы мердігерлер орындайтын барлық жұмыс үшін жауапкершілікте болады:

- Мұнай операцияларын қауіпсіз жүргізу;
- Мемлекеттік органдарға белгіленген есепті уақтылы және толық ұсыну;
- бекітілген жобалар мен технологиялық регламентке сәйкес Құрылыстарды салу, техникалық қызмет көрсету, тоқтатып қою және жою;
- Өзгерген геологиялық және басқа да жағдайларға байланысты жобалық шешімдерді түзетуге дер уақытында ұсыныстар жасау;
- Белгіленген құжаттаманы жүргізу;

- Пайдаланылуы қоршаған ортаға барынша аз әсер ететін озық технологияларды пайдалану.

6.2. Оператор жұмыстың басталуы алдында белгіленген тәртіппен ресімделген мыналарға ие болуы тиіс: жауапты басшыны тағайындау туралы шешім; персоналды оқыту туралы және жұмысқа жіберу туралы деректер; барлық қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығы белгіленген тәртіппен бекітілген жобалар мен технологиялық регламенттер қажетті рұқсаттар (15); денсаулықты және еңбекті, қоршаған орта мен қауіпсіздікті қорғауды басқару жүйесі; еңбекті және бүкіл жабдык пен тетіктерді қорғау жөніндегі нұсқаулықтар; жабдык пен материалдарға арналған сертификаттар мен техникалық паспорттар; құрылысты пайдалануға қабылдау актісі және олар мемлекеттік органдардың инспекциясы үшін жол жетімді болуы тиіс.

6.3. Нақты объектілерде жұмыстарды бастау, оларды белгілі бір мерзімге тоқтата тұру немесе тоқтату Мердігердің немесе Оператордың шешімдеріне сәйкес жүргізіледі. Бақылаушы органдардың объектідегі жұмыстарды белгіленген тәртіпке сәйкес тоқтатуға немесе тоқтата тұруға ұйғарымдама беруге қ ұ қ ы ғ ы б а р (1 5 - 1 6) .

6.4. Жекелеген операцияларды жүргізуге арналған технологиялық регламенттерді энергетика, индустрия және сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітеді. Оларда жобадағыға қарағанда жұмыстарды жүргізудің әдістемесі мен тәртібі мейлінше егжей-тегжейлі сипатталады. Регламенттер үлгілік немесе жекелік болуы мүмкін. Ең аз қажетті регламенттердің тізбесі:

- Инженерлік зерттеулер;
- Жер асты негіздерінің, жасанды аралдар мен каналдарының құрылысы;
 - Стационарлық тұғырлардың құрылысы;
 - Жүзбелі бұрғылау қондырғыларын орнату;
- Бұрғылау ерітінділерін дайындау және олардың сапасын тексеру;
- Скважиналардың ұңғысын дайындау, түсіру, цементтеу, обсадты колонналардың цементтелу сапасын тексеру;
- Сағаны жабдықтау обсадты колонналарды герметикалығын сынау және шығарып тастауға қарсы жабдықты пайдалану - төтенше жағдайларды қадағалау органдарымен келісілген;
- Жер қыртысын алу, тасымалдау, зерделеу және сақтау;
 - Скважинадағы аварияны жою;
- Төтенше жағдайларды қадағалау органдарымен келісілген мұнай-газ

- көріністерін және ашық мұнай-газ фонтандарын жою;
- Қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісілген мұнай ағуларын тазалау;
 - Скважинада геологиялық-геофизикалық зерттеулер және нәтижелерді өңдеу;
 - Перфорация, ағуды шығару, интенсификация және скважинаны сынау;
 - Төтенше жағдайларды қадағалаушы органдармен келісілген скважиналарды т о қ т а т ы п т а с т а у ;
 - Скважиналарды тиісті тампонажбен және қоршаған ортаны қорғау органдарына және төтенше жағдайларды қадағалаушы органдарға хабарлай о т ы р ы п ж о ю д ы ң т ә р т і б і .

6.5. Салынуы аяқталған құрылыстарды пайдалануға қабылдаудың тәртібі (с к в а ж и н а л а р д ы қ о с п а ғ а н д а) .

6.5.1. Салынуы аяқталған құрылыстар пайдалануға Оператор құратын және Құзыреті органның (Төрағаның), Оператордың, жобаның авторларының, қосалқы мердігерлік құрылыс және пайдалану ұйымдарының, мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарының өкілдерінен тұратын комиссия қабылдау актісіне қол қойған соң беріледі. Қабылдау комиссияларының құрамы объектінің сипатына байланысты болады және оны Құзыретті орган айқындайды.

6.5.2. Қабылдау комиссиялары:

- Еңбекті және бүкіл жабдық пен тетіктерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың, сертификаттардың, техникалық паспорттардың немесе қолданылған материалдардың, конструкциялардың, детальдар мен жабдықтардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттардың бар-жоғын т е к с е р е д і ;

- Құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне жауапты адамдар жасаған жобаларға орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы есептерді немесе атқару құжаттарын (сызбаларды, жасырын жұмыстарға арналған актілерді және б а с қ а л а р д ы) з е р д е л е й д і ;

- Жерасты жұмыстарын куәландыру туралы жекелеген құрастырмаларды аралық қабылдау туралы, монтаждalған жабдықтарды, технологиялық труба желілерін, электр торабтарын, жылыту, желдету, дабыл беру, байланыс жарылыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғыларды, найзағайдан қорғануды және басқаларды жеке сынаулар туралы актілермен танысады. Ескертпе: жабдықтар мен құрылғыларды сынауға мемлекеттік бақылаушы органдардың тиісті өкілдері ш а қ ы р ы л а д ы ;

- Орын алған кемшіліктерді жоюға ұйғарымдар беруге құқығы бар. Объект

жобалық шешімдерге толық сәйкес болған жағдайда құрылыстарды пайдалануға қабылдау туралы актілерге қол қояды. Ескертпе: барлық жоғарыда көрсетілген құжаттар мен актілер құрылыстардың пайдаланылуы аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

6.6. Оператор сипаттамалары, сипаттары мен жұмыстың нәтижелері, актілердің, шешімдер мен есептердің көшірмелері енгізілетін скважиналар мен құрылыстың басқа да түрлерінің ісін жүргізуге міндетті. Істі жүргізудің тәртібі, актілер мен есептердің сандары Құзыретті органмен келісіледі. Скважиналар мен құрылыстардың істері олар жойылғанға дейін сақталуы тиіс, ал олар бойынша негізгі мәліметтер, олардың тізбесі Құзыретті органмен келісіледі. Келісім-шарттық аумақта жұмыстар аяқталғанға дейін сақталады және мемлекеттік органдардың инспекциялары үшін қол жетімді болуы тиіс.

6.7. Барлық құрылыстар және орнатылған жабдық, приборлар мен техникалық құралдар Оператор бекіткен өздерінің пайдаланылуы мен жөнделуі бойынша нұсқаулықтарға сәйкес мерзім сайын тексеруден, техникалық қызмет көрсету мен бақылаулық сынаудан өтуі тиіс, ал жүргізілген жұмыстар тиісті құжатта тіркелінуі керек.

6.8. Обсадты колонналарды түсіру және цементтеу. Обсадты колонналардың герметикалығын сынау шығарып тастауға қарсы жабдық пен оқшауланған көпірлер, скважинадағы объектілерді сынауға Оператор тиісті актілер жасайды.

6.9. Скважиналардың істерінде бұрғылау ерітіндісінің параметрлері мен компоненттері бойынша, бұрғылау аспабы жинақталуы бойынша деректермен бірге, бұрғылау режимі, геологиялық-геофизикалық жұмыстардың әдістері, көлемдері мен нәтижелері, аварияларды жоюдың сипаттамасы, скважиналарды тоқтатып қою және жою жөніндегі қиындықтар мен орындалған жұмыстар есептерде көрініс табуы тиіс, ал осы Ережелердің талаптарына сәйкес жасалған актілердің көшірмелері сақталады.

6.10. Өндірістің тоқтауына әкеп соққан барлық авариялар, қиыншылықтар мен оқиғалар немесе қызметкердің 1 тәуліктен астам уақытша еңбек қабілетсіздігін тудырған және жұмыс қабілетін жоғалтусыз да, сондай-ақ жұмыс қабілетін жоғалтатын да аса ауыр кәсіптік сырқаттары мен кәсіптік уланулары тиісті актіде ресімдей отырып есепке алынуға және тексерілуге жатады. Бақытсыз жағдайлар мен ірі аварияларды есепке алу мен тексеру белгіленген тәртіппен жүргізіледі (13-14). Нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығы

үшін қауіп тумаған, жабдықтардың, машиналардың немесе тетіктердің бұзылып-бүлінуі болмаған аварияларды, қиыншылықтар мен оқиғаларды есепке алу мен тексеру Оператор белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

6.11. Скважиналар өздері бойынша мұнай мен газды өндіруге беру үшін жою немесе дайындық жұмыстары бойынша істерді қоса алғанда, жұмыстың жобасында көзделген барлық жұмыстар орындалған кезде құрылыс аяқталған деп саналады. Скважиналардың құрылысын салудың аяқталғаны туралы актіні Оператор жасайды, оны Құзыретті орган бекітеді.

6.12. Құрылысы аяқталған скважиналарды өндіруді күтуі бойынша және құрылысы аяқталмаған скважиналарды ауа-райының немесе техникалық себептер бойынша уақытша тоқтатып қою Оператордың шешімі бойынша жүргізіледі. Скважиналарды тоқтатып қою жөнінде жұмыстар белгіленген тәртіппен (23-24) және жобаға немесе технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі.

6.13. Кез келген скважиналарды жою, егер скважина өзінің міндетін орындаған, өнімді көкжиектер табылмаған немесе табылған көкжиектер ұтымсыз деп саналған жағдайда Оператордың немесе Мердігердің шешімі бойынша Құзыретті органмен консультация жасалған соң белгіленген тәртіппен жүргізілуі тиіс (25). Құрылысы аяқталмаған скважиналарды авариялардың салдарынан немесе геологиялық немесе техникалық себептер бойынша қиыншылықтардың салдарынан жою Құзыретті орган осындай авария мен қиыншылық болғандығы туралы хабарлаған соң жүргізіледі. Егер скважинаны жоюды кешіктіру кен орнының болашақтағы өнімділігіне қатер төндірсе немесе адамдардың денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қатер төндірсе Оператор тәуекелді төмендету үшін барлық қажетті шараларды қолдануы және Құзыретті органға осындай жағдайды келесі тексеру жүргізу кезінде көмегі болатын жағдайды түзеу уақытында пайдаланылған барлық ресімдерді тіркеуді жүргізуі тиіс.

6.14. Скважиналарды жою жобаларға немесе технологиялық регламенттерге сәйкес орындалған жұмыстар туралы бірлескен актілерге қол қоятын қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайларды қадағалау органдарының өкілдері қатыстырыла отырып жүргізіледі. Скважиналарды жою туралы актілерді Құзыретті орган бекітеді.

6.15. Тоқтатып қойылған скважиналар мен жойылған скважиналарды келісім-шарттық аумақтан Қазақстан Республикасына қайта бергенге дейін оның

жай-күйі мен мониторингінің жүргізілуі үшін Оператор жауаптылықта болады.

6.16. Келісім-шарттық аумақтан Қазақстан Республикасына бергеннен кейін жойылған скважиналардың мониторингін қоршаған ортаны қорғау органдары жүргізеді. Жойылған скважиналардан көріністер табылған жағдайда жөндеу-изоляциялау жұмыстарың энергетика, индустрия және сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді және жүзеге асыруды іске асыратын орталық атқарушы орган жүргізеді.

6.17. Құрылыстарды (скважиналардан басқа) тоқтатып қою мен жою жобаларға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен тиісті актілер ресімделіп жүргізіледі.

6.18. Оператор денсаулық пен еңбекті, қоршаған орта мен қауіпсіздікті қорғау (ДЕҚҚҚ) мәселелері бойынша істі жүргізуге міндетті. Онда белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген бағдарламалар, хаттамалар, шешімдер, есептер мен өндірістік бақылаудың нәтижелері тіркелінуі тиіс. Барлық құжаттар мемлекеттік органдардың инспекциясына қол жетімді болуы керек.

6.19. Оператор облыстардың тиісті жергілікті әкімшіліктеріне келісім-шарттық аумақтың шегінде салынған немесе жойылған құрылыстардың орналасқан жері жөнінде және қысқаша сипаттамасы жөнінде мәліметтерді беруге міндетті.

6.20. Құрылыстар келісім-шарттық аумақтан тысқарыда салынған жағдайда Оператор жергілікті атқарушы органдардан су қорының жеріне бөлік алуы тиіс.

7. Осы Ережелердің мәтінінде сілтеме жасалған құжаттардың тізімі

1. ҚР жер пайдаланушылармен келісім-шарттарды жасасу және атқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзыретті органы туралы ереже. ҚР Үкіметінің 27.05.96 ж., N 646 P960646_ қаулысымен бекітілген. ДБ N 5580

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" U952350_ Заң күші бар Жарлығы 28.06.95 ж., ДБ 5629

3. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" ҚР 15.07.97 ж. Z970160_ Заңы. ДБ N 8 0 3 5

4. ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ереже. ҚР Үкіметінің 22.07.98 ж., N 686 P980686_ қаулысымен бекітілген.

5. "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" ҚР 24.03.98 ж., Заңы.

6. "Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" ҚР 27.01.96 ж., 3 аңы.

7. ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті туралы ереже. ҚР Үкіметінің 17.11.97ж., N 1593 P971593_ қаулысымен бекітілген.

8. Қазақстан Республикасының Су кодексі K933000_ 31.03.93 ж., N 2061-XII Д Б N 5632.

9. ҚР мұнай операцияларын жүргізу кезінде жасанды аралдардың, бөгеттердің, құрылыстар мен қондырғылардың құрылысына және пайдалануға рұқсаттар берудің тәртібі мен шарттары туралы ереже. ҚР Үкіметінің 1996 ж. N 772 P960772_ қаулысымен бекітілген. ДБ N 5519.

10. ҚР халықаралық, аймақтық және шетелдердің ұлттық стандарттарын қолданудың тәртібі. ҚР ҰҚ 50.1.21-96. ДБ N 6016

11. Континенталдық шельфтегі инженерлік зерттеулер. СССР Газөнеркәсіпмині, 1985 ж., ВСН 51.2-84. ДБ N 2149

12. Қазақстан Республикасында мұнай және газ кен орындарын игерудің бірыңғай тәртібі. 1996 ж., ДБ N 5524

13. ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы Тау-кен қадағалау комитетінің бақылауындағы кәсіпорындар мен объектілерде бақытсыз жағдайларға апарып соқтырған аварияларды тексеру мен есепке алудың техникалық нұсқаулығы. 1994 ж., РД 03-01-95 ДБ N 8637

14. Өндірісте еңбекшілердің бақытсыз жағдайлары мен өзге де денсаулығының бүлінуін тексеру мен есепке алу туралы ереже. 1994 ж., ДБ N 5545

15. Қазақстан Республикасының теңізінде, жағалаулық аймағында және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жобалау мен жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі нұсқаулық. ЭИСМ, 1998 ж.

16. Қазақстан Республикасының теңізінде және су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. ЭИСМ, 1998 ж.

17. Лицензиялар, оның ішінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне патент беруге уәкілетті мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына 1-қосымша, N 1894. ДБ N 5604

18. Санитарлық-экологиялық және тау-кен қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына 1-қосымша, N 1894 P951894_ . ДБ N 5604

19. Адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стандарттардың немесе өзге де

нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігіне міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі N 1112 P971112_ қаулысымен бекітілген. ДБ N 8306

20. ҚР аумағына міндетті сертификаттауға жататын өнімдерді (тауарларды) әкелудің тәртібі. Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 ж. 4 шілдедегі N 175-П б ұ й р ы ғ ы . Д Б N 8 3 0 7

21. Өнімге сертификаттау жүргізудің тәртібі. ҚР Ст 3.4-94 ҚР МСС. ДБ 8308

22. Шетелдік сертификаттарды тануың тәртібі. РД 50 ҚР 3.3-94 ҚР МСС. ДБ 8 3 0 9

23. Тірек, параметрлік, іздестіру, барлау, мұнай және газ скважиналарын уақытша тоқтатып қоюдың тәртібі туралы ереже. ҚР Мұнайгазөнеркәсіпмині, Геологиямині, Таукентқадағалаукомы, Экоресурсмині, Қаржымині, 1995 ж.

24. Мұнай, газ кен орындарындағы, газдың жерасты қоймаларындағы (ГЖҚ) және термальды сулардың кен орнындағы скважиналарды тоқтатып қоюдың тәртібі туралы ереже. ҚР Мұнайгазөнеркәсіпмині, Геологиямині, Таукентқадағалаукомы, Экоресурсмині, Қаржымині, 1995 ж.

25. Мұнай, газ және басқа да скважиналарды жоюдың және шығындарды олардың құрылысына есептеудің тәртібі туралы ереже. ҚР Мұнайгазөнеркәсіпмині, Геологиямині, Таукентқадағалаукомы, Экоресурсмині, Қ а р ж ы м и н і , 1 9 9 5 ж .

26. "Авариялық-құтқару қызметтері мен құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы N 87-1 Z970087_ Заңы Қ Р З .

27. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы ереже. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068 P971068_ қаулысы.

* Ескерту: Қазақстан Мұнай Ассоциациясы (ҚМА) мүшелерінің осы құжатты әзірлеуге қатысуы, ҚМА тарапынан-ұйым ретінде де, оның жекелеген мүшелерінің тарапынан да осы құжатта бар әр ережемен толық келісуін білдірмейді. Солай дей тұра Қазақстан Мұнай Ассоциациясы Қазақстанның теңіз аумақтарын барлауды және игеруді уақтылы жүргізу және нормативтік негізді қамтамасыз ету мақсатында және келешектегі түрлендірулер мен нормативтік реттеуді жетілдіру базасын жасау үшін осы құжатты қабылдауды ұсынады.

Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Астана қаласы, 1999

Осы Ережелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 Р970105_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1998 жылғы 11 наурыздағы N 39 бұйрығы бойынша құрылған жұмыс тобы әзірлеген.

О р ы н д а у ш ы л а р :

Хаглер Баи Консалтинг Сервисез компаниясының (Hagler Bailly Services, Inc), Қазақстан Мұнай Ассоциациясының (Kazakhstan Petroleum Association), "Каспиймұнайгаз" ҒЗЖИ Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығының қатысуымен және Американ халықаралық дамыту жөніндегі агенттігінің көмегімен (USAID) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, "Қазақстанкаспийшельф" АҚ.

1 . Ж а л п ы б ө л і м

1.1. Ережелерді енгізу және олардың қолданылу аясы

Қазақстан Республикасының теңізіндегі және ішкі су айдындарында мұнай және газ кен орындарын іздеумен, барлаумен және зерделеумен байланысты барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері (бұдан әрі "Ережелер" деп аталады) мен Қазақстан Республикасының қауіпсіздік техникаға қатысы бар қолданылып жүрген заңдарына, тәртіптеріне, ережелері мен стандарттарына сәйкес жүргізілуге тиіс. Ережелер теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізетін, меншік нысандарына, қаржыландыру көздері мен тиесілі еліне қарамастан барлық ұйымдар мен компаниялар орындауға міндетті болып табылады.

Қазіргі бар нормативтік-техникалық құжаттарының жекелеген ережелері осы Ережелерге қайшы келген жағдайда, Ережелер қолдануға басым құқығы бар.

Ережелерде теңіз сейсмикалық барлау және жарылыс жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жерасты мұнайгаз құбырларын, электр берілісі мен байланыс кабельдерін төсеу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары қаралмайды, өйткені олар Ережелердің мәтіні бойынша сілтеме жасалатын басқа ҒТҚ-мен қамтылған. Көрсетілген ҒТҚ-дың тізбесі Қосымшада келтірілген.

1.2. Жалпы ережелер

Осы Ережелер жұмыстардың қауіпсіз жағдайларын жасауға қажет ең аз талаптарды белгілейді, Мердігердің іс-қимылы аса қауіпсіз процедураларға, әдістерге, технологияларға және халықаралық теңіз мұнай индустриясында қабылданған жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру тәжірибесіне негізделсе, тәсілдерді және оларға қол жеткізу жолдарын таңдау жөніндегі бастамасын шектемеуге тиіс.

Егер Мердігер қауіпсіздіктің мақсаттарына қол жеткізудің басқалардың орнына жақсырақ жолдарын ұсынбаса, ең аз талаптар орындалуға міндетті болып табылады.

Ережелер қауіпсіздік жөніндегі сыртқы инспекциялар мен аудиттерді жүргізу үшін негіз ретінде қаралуы тиіс.

Бақылаушы органның уәкілетті өкілі Мердігерге операцияларды Ережелерде ескерілмеген және теңіз мұнай операцияларын қауіпсіз ұйымдастырудың халықаралық практикасында қабылданған рәсімдерге қайшы келетін тәртіпке сәйкес жүргізуді жүктесе, қауіпсіздік үшін жауапкершілік ұйғарымды берген бақылаушы органға жүктеледі.

Барлық халықаралық, аймақтық және шетел стандарттары Қазақстан Республикасының аумағында олар Қазақстан Республикасының стандарттау органдары тиісті рәсімдер қабылдағаннан кейін қолданылуы мүмкін. (1). Ережелерді жазу кезінде пайдаланылған халықаралық стандарттардың бөлігі Ережелерде келтірілген.

Егер еңбекті қорғау саласындағы халықаралық нормалар, стандарттар мен келісімдерде қазақстандықтарға қарағанда қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етудің одан жоғары талаптарын көздесе Мердігер халықаралық талаптарды сақтауға тиіс.

1.3. Анықтамалар мен терминология

Осы қосымшаларда мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

Уақытша пана: өрт, жарылыс немесе уытты газ тастауы сияқты төтенше жағдайлардан паналау немесе қорғану үшін, ұйымдастырылған көшірудің басына дейін қажет уақыттың қысқа аралығына арналған орын.

Келісім-шарттық аумақ: Мердігерге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұнай операцияларын жүргізу үшін бөлінген жер телімі.

Бақылаушы органдар: Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қауіпсіздік техникасы, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде бақылаушы, қадағалау және инспекторлық өкілеттіктер берілген мемлекеттік

органдар. Мұнда және одан әрі мәтін бойынша: Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі; Энергетика, индустрия және сауда министрлігі; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Денсаулық сақтау және спорт министрлігі; Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі; Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі; Ауыл шаруашылығы министрлігі, сондай-ақ көрсетілген ведомстволардың облыстық органдары, департаменттері мен өкілдіктері түсініледі, бірақ осымен шектелмейді. Ведомстволардың атауларының өзгеру мүмкіндігіне байланысты, олар ресми атауларын келтіругіз айтылатын болады. Мысалы, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық уәкілетті орган ретінде аталатын болады.

Ең аз талаптар: Мердігер жұмыстардың қандай да бір түрін жүзеге асыру кезінде проблеманы шешудің балама нұсқасын қолдану үшін орындауға немесе назарға алуға міндетті ең аз талаптардың тізбесі немесе ұсынымдар.

Міндетті міндеттер: Жұмыстардың қандай да бір түрін жүзеге асыру кезінде қол жеткізу қажет қауіпсіздік мақсаттары.

1 Жақшада 1-қосымшада келтірілген нормативтік-құқықтық актілердің реттік нөмірлері көрсетілген

От жұмыстары: Дәнекерлеу, кесу, күйдіру және қайрау сияқты жұмыстармен шектелмей, бірақ оларды қоса алғанда ашық жалынды немесе тұтануға әкеп соқтыратын жеткілікті қуатты ұшқын пайдаланылатын қызметтің барлық түрлері .

Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспары: Теңіз мұнай операцияларын жүргізу кезінде Мердігердің қауіпсіздіктің қандай рәсімдерін таңдайтынын түсіндіретін техникалық жобаның бөлігі немесе қосымшасы.

Мердігер: Құзыретті органмен келісім-шарт жасасқан және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келісім-шарттық аумақта жұмыстар жүргізуге лицензиясы бар жер қойнауын пайдаланушы.

Іс жүзіндегі: тәуір немесе өзін жақсы жағынан көрсеткен тәжірибе немесе технологиялық операция .

Жұмыс тілі: теңіз объектісінде құжаттама жүргізілетін ағылшын тілі. Қазақ және орыс түсінісу үшін пайдаланылуға міндетті.

Ескерту дабылдары/қауіпсіздік белгілері: Барлық ескерту дабылдары/қауіпсіздік белгілері қолданылып жүрген талаптарға сәйкес және графикалық немесе объектіде пайдаланылатын жұмыс тілінде бейнеленуі тиіс.

Құрылғылар: мұнай мен газ кен орындарын іздеу, барлау және зерделеу кезінде пайдаланылатын барлық платформалар, стационарлық немесе жылжымалы, бұрғылау қондырғылары, скважиналар, труба құбырлары, жасанды

аралдар, арналар, дамбалар, үйлер мен басқа да өндірістік объектілер.

Персонал тұрақты болатын құрылғылар (адамдар басқаратын) - жедел персонал тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн кезекте болуға тиіс құрылғылар. Жұмыстар жарты күн жүргізілетін құрылғылар кірмейді.

Стандарт: жұмыс нәтижелерінің талап етілетін өлшемдерін айқындайтын дербес бақылаушы орган анықтайтын жалпы қабылданған норма немесе сапа.

1.4. Мердігердің құқықтары, міндеттемелері мен жауапкершілігі

1 . 4 . 1 . М е р д і г е р :

- өзінің күшімен немесе көмекші мердігерді тарта отырып келісім-шарттық немесе басқа да аудандарда мұнай мен газды барлауды және/немесе өндіруге арналған келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу ;

- қауіпсіздік жөнінде белгіленген құжаттамалар жүргізу және көмекші мердігерлердің жұмыстарын қосқанда, барлық жұмыстар бойынша мемлекеттік органдарға белгіленген есеп табыс ету;

- мемлекеттік бақылаушы органдардың инспекция жұмысын үйлестіру мен жәрдемдесу және заңды ұйғарымдарды белгіленген мерзімдерде орындау үшін жауапты .

1.4.2. Әр теңіз объектісінде Мердігер жұмыстарды қауіпсіз жүргізу және бақылаушы органдардың инспекциялар жүргізу кезіндегі жұмысты үйлестіру үшін жауапты өзінің өкілін тағайындауға тиіс.

1.4.3. Мердігер бақылаушы органдардың инспекторларын ауа райының жағдайларын, көліктің болуын және персоналдың, инспекторлардың және жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, оларды инспекцияланатын объектіге бөгетсіз кіргізуге немесе жеткізуге міндетті.

1.4.4. Мердігер Ережелер талаптарының сақталуы үшін жауапты. Егер Ережелерде қойылған міндеттерге қол жеткізудің нақты тәсілдері жазылмаса, Мердігер озық инженерлік тәжірибені, қазіргі бар технологиялардың аса қауіпсіз және тиімдісін пайдалана отырып Ережелердің мақсаттарына сәйкес іс-қимыл жасауға тиіс .

1.4.5. Мердігер барлық операцияларды аса қауіпсіз және білікті тәсілмен жүргізуге және персоналдың, қоршаған орта мен мүліктің денсаулығы мен өмірін

қорғау мақсатында жабдықтарды қауіпсіз жағдайда ұстауға тиіс.

1.4.6. Мердігер бақылау, оларды құрту және жою мақсаттарында қауіптердің алдын алудың барлық қажетті шараларын қабылдауға тиіс.

1.4.7. Мердігер бақылаушы органның талабы бойынша белгіленген жағдайларда өзінің нұсқауларын әзірлеуге және оларды енгізуге, сондай-ақ, Мердігер осы туралы бақылаушы орындарды хабардар еткен жағдайда, осы Ережелердің талаптарын жетілдіруге және егжей-тегжейлеуге бағытталған жаңа немесе балама әдістерді, рәсімдерді, жабдықтарды немесе технологияларды е н г і з у г е қ ұ қ ы л ы .

1.4.8. Теңіз құрылғысын пайдалануға беруге жоспарланған іске қосуына дейін 30 күн бұрын Мердігер осы туралы мемлекеттің энергетика, индустрия және сауда саласындағы Орталық атқарушы органын хабардар етіп бақылаушы органдар мен жергілікті атқарушы өкіметтің өкілдерінен объектіні пайдалануға қабылдау жөнінде комиссия құрады. Мердігер өзінің іске қосу алдындағы аудитін жүргізу кезінде осы комиссияның жұмысына жәрдемдесуге міндетті.

1.4.9. Оператор техникалық қадағалау органдарымен келісу үшін скважиналар, жасанды аралдар, коммуникациялар салудың техникалық жобаларын, кен орнын зерделеудің технологиялық схемаларын, игерудің жобаларын табыс етуді қамтамасыз етуге тиіс.

1.5. Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі туралы ереже

1.5.1. Мердігер келісім-шарттық аумақтағы жұмыстар басталғанға дейін Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін (ДЕҚОҚ

БЖ) әзірлеуге және/немесе ол болуға тиіс, онда Мердігердің ДЕҚОҚ саласындағы саясаты айқындалады; тәуекелдердің бағасы берілді және оларды кеміту жөніндегі шаралар ұсынылады; әдеттегі жағдайлар мен авариялық жағдайларда ДЕҚОҚ жөніндегі қызметкерлердің міндеттері бөлінеді; құжаттамаларды жүргізу мен бақылауды жүзеге асыру тәртібі ұсынылады; аудиттер жүргізу жоспарланады; түзету және жақсарту жөніндегі жұмыстар мен шаралар нәтижелерінің талдауы бойынша ұсыныстар беріледі; денсаулық жағдайына қойылатын талаптар айқындалады; персоналдың медициналық тексерістерінің кезеңділігі мен түрлері тәртіптеледі; ДЕҚОҚ бойынша оқыту,

нұсқаулықтар өткізу және білім тексеру бағдарламалары белгіленеді; сондай-ақ басқа да мәселелер көтеріледі.

1.5.2. Мердігердің ДЕҚОҚ бойынша саясаты жариялануға жатады, яғни, онымен танысуға ынта білдірген кез-келгенге қол жеткізілуге тиіс.

1.5.3. Персонал басқаратын жұмыстар объектілерінде Мердігерде орындалатын жұмыстар бойынша жобалардың көшірмелері, технологиялық тәртіптер, ережелер мен нұсқаулар, жабдықтардың барлық түрлеріне арналған сертификаттар мен оларды сынау жөніндегі нұсқаулар, оның ішінде жабдықты қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тексеру туралы, профилактикалық техникалық күтім, жекелеген мамандықтар мен жұмыстардың жекелеген түрлеріне арналған еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулар; жабдық пен тетіктерді пайдалану және жөндеу жөніндегі нұсқаулар, объектінің қауіпсіздігіне қатысты басқа да құжаттар болуға тиіс.

1.6. Жұмыстарды тоқтата тұру

1.6.1. Бақылаушы органдар өз құзыретінің шектерінде, егер Мердігер осы Ережелердің талаптарын орындамай, персоналдың немесе халықтың денсаулығына елеулі залал, не қоршаған ортаға, мүлікке немесе жер қойнауына зиян келтірсе, не осындай залалдың немесе зиянның нақты қаупі болса, объектілердегі жұмыстарды уақытша тоқтата тұруы немесе толықтай тыйым салуы мүмкін.

1.6.2. Егер бақылаушы органдар жоғарыда көрсетілген тараулар бойынша жұмыстарды тоқтатса, олар Мердігерден:

1) тоқтата тұрудың себебі болған қауіптің дәрежесін бағалау үшін жұмыс учаскесін арнайы зерделеуді, сондай-ақ болуы мүмкін залалды бағалауды;

2) осы қауіпті жою жөнінде шаралар қолдануды;

3) Жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің жаңартылған жоспарын табыс етуді талап етуі мүмкін.

1.6.3. Салдарларды жою жөніндегі балама шараларды тандаған кезде, жоюдан түсетін немесе денсаулыққа зиянды, не өмірге, мүлікке немесе қоршаған ортаға қауіпті кеміту тиімділігін қажетті шараларды жүргізуге арналған шығындардың

орындылығы мен салыстырмалығын басшылыққа алу қажет.

1.7. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспары

1.7.1. Мердігер Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық орган мен басқа бақылаушы органдарға Мердігер мұнай операцияларын жүзеге асырған кезде орындайтын нақты шаралар мен қауіпсізді рәсімдері егжей-тегжейлі жазылған Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспары бар Техникалық жоспарды табыс етуге тиіс. Мұндай жоспар ретінде Мердігер үшін әдеттегідей форматта ("Safety case" немесе "Safety manual") орындалған қазіргі бар құжаттар немесе осы Ережелердің негізінде дайындалған құжат пайдаланылуы мүмкін.

1.7.2. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында Мердігердің барлық төтенше жағдайларға немесе өлім мен ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын кез-келген қайғылы оқиғаларға, сондай-ақ мұнай мен газдың және химиялық заттардың елеулі жайылуы мен тастауларына жауапты шаралары жазылуға тиіс төтенше жағдайларға арналған тараудың болуы міндетті шарттардың бірі болып табылады. Тарауда ашық басқарылмайтын фонтандау жағдайында бітейтін скважинаны бұрғылау туралы, бұрғылау қондырғысы бұзылған кездегі іс-қимылдар туралы, мұнай мен газды алдын-ала дайындау жөніндегі жабдықтағы өрт пен жарылыс кезіндегі және көмекші теңіз көлік құралдарындағы авариялар кезіндегі туралы іс-қимылдар осылар қолданылуы мүмкін жағдайлар немесе оқиғалар үшін ережелер болуға тиіс.

1.7.3. Мердігер бақылаушы органның сұратуы бойынша Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында сілтеме жасалған барлық стандарттар мен рәсімдерді қарауға табыс етуге тиіс.

1.8. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын табыс ету және келісу рәсімдеріне қойылатын жалпы талаптар

1.8.1. Мердігер барлау, игеру және өндіру жөніндегі қызметті бақылаушы органмен келісілген Техникалық жоспар мен Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарына сәйкес жүргізуге тиіс.

1.8.2. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің ұсынылып отырған жоспары Мердігерге тиесілі бір немесе одан астам келісім-шарттық аумаққа қолданылуы мүмкін.

1.8.3. Мердігер техникалық жоба мен ОВОС құрамында Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын бақылаушы органдарға табыс етеді.

1.8.4. Бақылаушы органдар Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын заңдарда белгіленген мерзімдерде: 1) Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын бекітуге немесе 2) Мердігерден осы Ережелердің немесе техникалық ережелердің шарттарына сәйкес келмейтін жоспарды өзгертуге талап етуге немесе 3) Егер Мердігер оны 2-тармаққа сәйкес келтірмесе, Жоспарды бекітуден бас тартуға тиіс.

1.8.5. Бақылаушы органдар Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын бекітуден бас тарту себептерін немесе Жоспарды өзгерту талабы туралы Мердігерді жазбаша хабардар етуге тиіс.

1.8.6. Мердігер Бақылаушы органдарға жаңа жоспар ретінде Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарын екінші қайтара табыс етуі мүмкін. Ұсынылатын өзгерістерге қатысты ақпаратты табыс ету қажет. Бақылаушы органдар екінші қайтара табыс етілген күннен бастап 30 күн ішінде екінші қайтара табыс етілген жоспарды бекітуге, бекітуден бас тартуға немесе өзгертуді талап етуге тиіс.

1.8.7. Егер Жоспарды табыс еткен немесе екінші қайтара табыс еткен күннен бастап 30 күн ішінде бақылаушы органдар жауап бермесе, жоспар бекітілген болып саналады.

1.9. Қайғылы жағдайлар немесе оқиғалар туралы хабарлау

1.9.1. Мердігер, мүмкіндігінше, дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органға өлімге, топтық жарақаттануға немесе шүбәсіз мүгедектікке әкеп соқтырған барлық елеулі оқиғалар туралы хабарлауға және белгіленген тәртіпке сәйкес тексерулер жүргізуді ұйымдастыруға тиіс (2).

1.9.2. Халыққа, қоршаған табиғи ортаға, басқа да теңіз немесе жағалаудағы объектілерге нақты қауіп төндіретін, не болуы мүмкін қауіп әкелетін авария, өрт, жарылыс, ашық фонтан, газ тастауы, мұнайдың жайылуы, кемелердің соқтығысуы сияқты барлық төтенше жағдайлар туралы туындаған немесе анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей қазіргі бар тәртіпке сәйкес дереу хабарлау қажет (3). Мемлекеттік басқарудың басқа да тиісті органдарын хабардар ету Төтенше жағдайлар саласындағы орталық атқарушы органның

1.9.3. Теңіз кемелері, гидротехникалық құрылыстар тартылған немесе теңізбен тасымалдау кезінде болған авариялар туралы Кеме қауіпсіздігінің бас инспекциясы мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар саласындағы орталық атқарушы органды белгіленген тәртіпке сәйкес хабардар ету қажет (4) .

1.9.4. Мердігер қайғылы оқиға, төтенше жағдай қаупі туындағаны туралы ақпаратты Төтенше жағдайлар саласындағы орталық атқарушы органның тиісті аумақтық немесе жергілікті органына (инспекциясына) жібереді, ол өзінің орталық аппараты мен мемлекеттік өкіметтің жергілікті атқарушы органдарын хабардар етеді .

1.9.5. Мердігерге тиесілі құрылыста жол берілген төтенше оқиға нәтижесінде қоршаған табиғи ортаға, халыққа, мемлекеттік меншікке (мүлікке) немесе үшінші тарапқа елеулі залал келтірілсе, мұндай оқиғаны тексеруді Мердігердің өкілі қатысуымен, арнайы тағайындалған мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

1.9.6. Мердігер жол берген төтенше оқиғаның нәтижесінде Мердігердің ғана меншігіне залал келтірілсе, мұндай оқиғаны тексеруді Мердігер жүзеге асырады.

1.10. Жазалау шаралары мен айыппұл санкциялары

Егер Бақылаушы органдар, қолда бар фактілерді негізге алып, Қазақстан Республикасының теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі ережелердің негізгі ережелерін бұзу орын алғаны мүмкін екендігін немесе бұл бұзушылық фактісі туралы хабарлағаннан кейінде және осы бұзушылықты жою үшін белгіленген қолайлы мерзім аяқталғанға дейін жалғасқаны, немесе осы бұзушылық персоналдың немесе халықтың денсаулығына, зиян, мүлікке, қоршаған ортаға немесе пайдалы қазбалардың кен орнына залал келтіру қаупін білдіретінін айқындайды. Бақылаушы органдар осы авария жөнінде тексеруді бастауы мүмкін.

Бақылаушы органдар фактілерді зерделегеннен кейін Ережелердің тиісті ережелерін бұзғанына айып тағып тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс.

Бақылаушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айыппұл санкцияларын белгілеу жөніндегі қазіргі бар стандарттарға сәйкес келетін

әкімшілік жаза шығаруы мүмкін.

Бұзушылық жасағаны үшін айыпталатын тарап аварияны тексеру кезінде пайдаланылған барлық түсініктерді зерделеуге және барлық фактілердің көшірмелерін алуға құқылы.

1.11. Тыңдау

Бұзушылық жасағаны үшін айыпталатын тарапты бұзушылық туралы қорытынды жасалғанға дейін Бақылаушы органда тыңдалуға құқығы бар.

Бұзушылық жасағаны туралы хабарлама алған күннен бастап, 30 күн ішінде, айыпталатын тарап Бақылаушы органға даулы мәселелер егжей-тегжейлі жазылған тыңдаулар өткізу туралы жазбаша өтінішті немесе тыңдаулардың орнына жазбаша дәлелдер табыс етуі немесе хабарламада көрсетілген айыппұлды төлеуі мүмкін.

1.12. Шағымдану

Бақылаушы органның шешіміне фактілер немесе дәлелдер қоса берілген шағым, егер Мердігер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы тиісті келісімдерде тек басқа арбитраждық соттар айтылмаса, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Арбитраждық сотына ҚР қолданылып жүрген заңдарына сәйкес берілуге тиіс.

1.13. Әкімшілік жаза

Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілердің талаптарын бұзғаны үшін лауазымды адамдар мен қызметкерлерге әкімшілік жаза қолдану ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Егер Мердігер Бақылаушы органның шешіміне ҚР-ының сот органдарына шағымданса, әкімшілік айыппұлдарды төлеу Жоғарғы арбитраждық сот берілген шағым бойынша шешім шығарғанға дейін жүргізілмеуге тиіс.

II Бөлім. Қауіпсіздік техникасы

2. Персоналға қойылатын талаптар

2.1. Жауапты лауазымды адам

Міндетті тапсырмалар

2.1.1. Мердігер теңіз құрылысындағы барлық операциялардың қауіпсіздігі үшін және персоналдың қауіпсіздігі үшін жауапты, лауазымдық міндеттерді атқару үшін қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар адамды (Теңіз құрылысының директорын немесе менеджерді) тағайындауға тиіс.

2.1.2. Құрылыста операциялар жүргізу үшін жауапты, сондай-ақ қауіпсіздік үшін жауап беретін лауазымды адамды (атқаратын қызметі, аты-жөні, байланыс телефоны) белгілеу Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында көрсетілуі тиіс.

2.1.3. Мердігер операцияларды жүргізудің әртүрлі кезеңдерінде және әртүрлі жағдайларда тек бір жауапты лауазымды адам ғана соңғы шешімді қабылдау үшін Директор мен ұтқыр теңіз құрылысы Капитанының жауапкершілігі мен өкілеттіктерін анық шектеуге тиіс.

2 . 2 . О қ ы т у

2.2.1. Мердігер жұмыс туралы тиісті ақпарат алу, жабдықтарды дұрыс және қауіпсіз пайдалану, операцияларды жүргізудің тәсілдері мен әдістері жөніндегі өзінің функцияларын орындау үшін персоналдың оқуын қамтамасыз етуге тиіс.

2.2.2. Объектіге жаңадан келген персонал мен келушілер объектіде болған кездегі қауіпсіздік талаптарымен, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кезде қолдану қажет іс-қимылдармен танысу үшін нұсқаулықтан өтуге тиіс.

2.2.3. Мердігер қауіпсіздік және денсаулықты қорғау, сондай-ақ жабдықтарды қауіпсіз пайдалану мақсаттарында сақтау қажет қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді белгілейтін әр жұмыс орнына арналған жазбаша нұсқаулар әзірлеуге т и і с .

2.2.4. Мердігер барлық қызметкерлердің қауіпсіздік және денсаулықты қорғау ережелері бойынша жұмыс тіліндегі кешенді нұсқаулармен таныстырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жазбаша нұсқаулардың көшірмесін әр қызметкерге қол қойғызып беруге және олардың нұсқауларды білуін тексеруге м і н д е т т і .

2.2.5. Теңіз құрылыстарында жұмыс істейтін персоналда, оның жеке жарамдылығын және теңізде тірі қалудың іс жүзіндегі дағдыларын білуін дәлелдейтін тиісті сертификат-рұқсаты болуға тиіс. Алдын-ала және кезеңді

медициналық тексерулер ҚР Денсаулық министрлігінің 1993 жылғы 21 қазандағы бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорғау және құтқару құралдары

М і н д е т т і т а п с ы р м а л а р

3.1. Мердігер объектіні, теңіз объектісінің бортындағы персоналды денсаулық пен өмірге төнуі мүмкін залалдан қорғауға арналған жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету үшін міндетті.

3.2. Объектіде жұмыс істейтін персонал жұмыстың жағдайларына, өзінің тағайындалуы мен қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес келетін қажетті ЖҚҚ-ымен қамтамасыз етілуге міндетті. Персонал ЖҚҚ-ымен дұрыс пайдалану білуі және олардың сақталуы үшін жауапты болуға тиіс.

3.3. Барлық құтқару жабдық нәрселері мен жабдықтарды жобалау, салу, орнату және техникалық қызмет көрсету Қазақстанда танылған халықаралық стандарттарға немесе олардың баламаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Е н а з т а л а п т а р

3.4. ЖҚҚ бүлінуден қорғалуы және оңай қол жететін жерде орналасуы тиіс. ЖҚҚ басты, аяқ-қолды, көзді, құлақты қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Арнайы жұмыс киімі суықтан және дымқылдан сақтауға тиіс. Уытты газдар пайда болуы мүмкін объектілерде ЖҚҚ кешеніне демалатын аппараттар қоса берілуі тиіс.

3.5. Оларды пайдалану көзделген климаттық және ауа-райы жағдайларына сәйкес келетін объектіден көшіру және суда құтқарудың осындай құралдары болуға тиіс. Жабдық нәрселерінде арқандар, арқан аулар, дауыл-таптар, суға киетін костюмдер, жилеттер, дөңгелектер, плоттар, толықтай саңылаусыз құтқару мотоботтары (ТСМ), құтқару қайықтары мен қажет болғанда мұз жағдайларында құтқаруға арналған амфибиялар.

3.6. Құтқарудың жеке құралдарының саны (құтқару жилеттері мен суға киетін костюмдер) объектідегі барлық адамдарды (жататын үй-жайлар мен көшіру кезіндегі жиналу пунктіндегі штаттық жиынтық бойынша) біруақытта құтқару үшін қажет саннан екі есе артуға тиіс.

3.7. Тұрғын үй-жайларда сақталатын ең аз жеке авариялық-құтқару жиынтығы суға киетін костюмнен, құтқару жилетінен (немесе жүзетін гидрокостюмнен), түтінге қарсы капюшоннан, отқа төзімді қолғап пен қ о л ш а м н а н т ұ р а д ы .

3.8. Суда ұжымдық құтқару құралдарының саны (ТСМ, плоттар) объектіде тұрақты болатын адамдардың штаттық санынан 50%-ке артық болуға тиіс. Егер ТСМ-дың бірі қандай да бір себептермен түзік емес немесе көшіру үшін жарамсыз болса, басқа ТСМ-да барлық персоналды құтқару үшін жеткілікті орын саны болуға тиіс. Әр қызметкер немесе келуші көшіру кезіндегі өзінің жиналу пунктін және ұжымдық құтқару құралын білуге тиіс.

3.9. Теңізде жүзетін құралдар тәуліктің кез-келген уақытында пайдалану кезінде көрінетін ашық (қызғылт сары немесе қызыл) түстерге боялуы тиіс, мұның өзінде рацияны және анықтаудың басқа құралдарын қоса алғанда, олар персонал құтқарушылардың назарын әртүрлі тәсілдермен аудару үшін жабдықталуы тиіс. Егер жұмыстарды мұзбен жабылатын теңізде өткізу жоспарланса, құтқару кемесі персоналды мұз жағдайларында құтқаруды қ а м т а м а с ы з е т у г е т и і с .

3.10. Үй-жайдан тысқарыдағы әр қызметкерге қажет ТСМ-ың ең аз жиынтығы мынадан тұрады: 1) каскіден (шлемнен); 2) тұмсығы мен сірісі металдан жасалған аяқ киімнен; 3) ұшқыннан қорғайтын комбинезоннан; 4) перчаткадан немесе қолғаптан, 5) қажет жағдайда - қорғаныс көзілдіріктен, құлаққа киетін аспаптан және өзін-өзі құтқарғыштан (газдан құтқарғыштан) т ұ р а д ы .

3.11. Құтқару және қорғаныс жабдықтарының тізбесі Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында көрсетілген.

3.12. Қорғаныс құралдары (арқандар, плоттар, суға киетін костюмдер, жилеттер және т.б.) ұдайы тексерілуге және түзіктігін тексеруге жатады. Тексерілгеннен кейін қорғаныс құралдарына келесі сынақтың мерзімдері туралы белгі (таңба, мөртаңба) қойылуға тиіс.

4. Медициналық қамтамасыз ету

М і н д е т т і та п с ы р м а л а р

4.1. Персонал тұрақты түрде болуды талап ететін теңіз объектілерінде персоналдың санына сәйкес келетін бірінші медициналық көмек көрсету жөніндегі медициналық пункттер құрылуға тиіс.

4.2. Медициналық пункттер тиісті жабдықпен, құралдармен және дәрі-дәрмекпен жарақтандырылуға тиіс.

4.3. Мердігер персоналды медициналық көшіру жөніндегі рәсімдері болуы және оларды кезең-кезеңмен пысықтауға тиіс.

Ең аз талаптар

4.4. Медициналық пункт тікұшақ алаңына және/немесе су көлігімен көшіру орнына мейлінше жақын орналасуы және зембілдермен және зардап шеккенді немесе ауруды қауіпсіз тасымалдау үшін қажет басқа құралдармен жабдыкталуға тиіс.

4.5. Мердігердің жұмыстарды немесе ішкі рәсімдерді қауіпсіз жүргізу жоспарында зардап шеккенге бірінші минуттарда дәрігерге дейінгі және көшіру кезеңі ішінде (тұрақтандыру) көмек көрсету жөніндегі ұсынымдар болуға тиіс.

4.6. Мердігер теңіз объектісін алғашқы медициналық көмектің аптечкаларының жеткілікті санымен қамтамасыз етуге тиіс. Теңіз объектісінде біруақытта алғашқы медициналық көмек көрсете алатын, сондай-ақ білікті дәрігердің басшылығымен емдеуді немесе медициналық көшіруді жүргізе алатын бірнеше адам болуға тиіс.

4.7. Саны 50 адамнан астам персонал тұрақты болатын алыс теңіз объектілерінде бортта штаттық медициналық қызметкер, сондай-ақ оңалту және тұрақтандыру жөніндегі медициналық жабдық (көмекпен демалдыратын оттегінің запасы, дифибриллятор бар аппарат және басқа) болуға тиіс.

4.8. Құрылыста көз жуу станциясы болуы және ол көзді бөтен денелермен жарақаттаудың жоғары мүмкіндігі бар жерлерде орналасуы тиіс.

5. Өндірістік объектілерге қойылатын талаптар

5.1. Объектінің орналасуы

Міндетті тапсырмалар

5.1.1. Салынуға жататын әр теңіз объектісі үшін құрылыстың және құрылыстың пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теңіз түбінің учаскесін толық геотехникалық зерделеуді жүргізу қажет.

5.1.2. Учаскені зерделеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: труба құбырларының, кабельдің және басқа да объектілердің болуы немесе болмауын, сондай-ақ қауіпсіздіктің жоспарланған дәрежесіне сәйкес құрылысты жобалау үшін қажет теңіз түбінің жағдайы туралы сенімді инженерлік-геологиялық деректер жинау.

5.1.3. Объектінің навигациялық жолдардан, әсіресе, гаваньге кіре берістен тыс орналасуын қамтамасыз ету.

5.2. Қауіпсіздік аймақтары

Міндетті тапсырмалар

5.2.1. Бұрғылау және өндіру үшін арналған бір теңіз құрылысының " қауіпсіздік аймағы" осы Ережелермен құрылыстың сыртқы шетінен 500 метр қашықтықта сызылатын шекара шектерінде объектінің айналасында орналасқан аумақ ретінде айқындалады.

5.2.2. Жерасты теңіз труба құбырлары үшін қауіпсіздік аймағы труба құбыры білігінің екі жағынан 500 м шектерінде белгіленеді.

5.2.3. Бөтен кемелерге теңіз объектісінің қауіпсіздік аймақтарының шектеріне кіруге тыйым салынады. Теңіз мұнай операцияларын қолдайтын теңіз және әуе кемелері бортында персонал тұрақты болатын теңіз құрылысын өзінің қауіпсіздік аймағына кіру ниеті бары туралы хабарлауға және құрылыстың Директорынан осыған тиісті рұқсат алуға тиіс.

5.2.4. Теңіз кемелеріне жерасты труба құбырларының қауіпсіздік аймақтары, теңіз скважиналарының сағасында және мұнай мен газ өндіру үшін пайдаланылатын басқа да жерасты теңіз құрылыстарының шектерінде якорьге тұруға, тралмен, түпті тереңдету жұмыстарымен және түптен балық аулаумен айналысуға тыйым салынады.

5.2.5. Мердігер теңіз объектісінің дәл координаталарын көрсете отырып, орналасқан жерін алдың-ала Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-теңіз флотының басқармасына және порт өкіметтеріне хабарлауға тиіс.

5.3. Платформалар мен құрылыстар

Міндетті тапсырмалар

5.3.1. Құрылысты және оның негізгі құраластарын жобалау, өндіру, орнату және техникалық қызмет көрсету жоспарланған мақсаттарға сондай-ақ пайдалану кезінде құрылымдық тұтастықты қамтамасыз етуге тиіс.

5.3.2. Мердігер, аймаққа тарихи тән гидрографиялық, метеорологиялық, мұз және сейсмикалық немесе тектоникалық жағдайларды қоса алғанда, объект орналасқан табиғи жағдайларда болатын кез-келген күтілетін есті әрекеттерде объектінің және оның құраластарының барабар жұмысын қамтамасыз етуге тиіс.

5.3.3. Мердігер объектіні және оның негізгі құраластарын жобалау, өндіру, орнату және техникалық қызмет көрсету халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге тиіс (5).

5.3.4. Мердігердің платформалар мен басқа да құрылыстарды салу және пайдалану жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген талаптарға сәйкес болуға тиіс (6,25, 26).

5.3.5. Мұнай мен газды барлау және өндіру үшін арналған жүзетін теңіз қондырғылары: баржалар, теңіз платформалары, кемелер мен кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықтар транспорт, коммуникациялар және туризм саласындағы Орталық атқарушы органның Теңіз Регистрінде к у ә л а н д і р у г е ж а т а д ы .

5.3.6. Жүзетін қондырғыларда орнатылған мұнай мен газды бұрғылауға және өндіруге арналған технологиялық жабдық Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органға бағынады.

5.4. Өндірістік үй-жайлар мен жұмыс орындарына қойылатын талаптар

Міндетті тапсырмалар

5.4.1. Барлық жұмыс орындарын жобалау, салу және техникалық қызмет көрсету барлық қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.4.2. Персонал тұрғын үй-жайлардан тыс қажетті жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге және қауіпсіздік техникасының ережелерін оқудан өтуге тиіс.

Ең аз талаптар

5.4.3. Жұмыс орындары персонал олармен қауіпсіз пайдалана алатындай, сондай-ақ төтенше жағдайларда олардан жылдам және қауіпсіз шыға алатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.

5.4.4. Персоналдың жұмыс орындары үй-жайлардан тыс орналасса, олар жағымсыз ауа-райының жағдайларынан қорғалуы тиіс.

5.4.5. Жұмыс орындары шамадан тыс шудан немесе газ, бу немесе шаң сияқты сыртқы әсерлерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.4.6. Температурасы 70 градустан асатын кез-келген ыстық металл беттер жылу оқшаулайтын материалмен қорғалуы немесе жабылуы тиіс.

5.4.7. Жұмыс учаскелеріндегі төсеулердің беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдану қажет. Жұмыс учаскелеріндегі еден тайғақ болмауы және құлауға және жарақаттануға әкеп соқтыратын шығыңқы жерлері немесе еңістері болмауға тиіс. Басты жарақаттануға әкеп соқтыруға қауіп төндіретін төмен салбырап тұратын конструкциялар ашық түске боялуы тиіс.

5.4.8. Еден деңгейінен 1 метрден астам биіктіктегі жұмыс алаңдары темір қоршаулармен қоршалуы тиіс. Барлық сатылар темір қоршаулармен жабдықталуы тиіс. Сатылар мен басқыштардың еңісі мен ені, сондай-ақ олардың жабуы мен қоршаулары қауіпсіздіктің қазіргі бар талаптарына жауап беруге тиіс.

5.4.9. Есіктер үй-жайдан көшіру пунктіне қарай бағыттағы қозғалыс бойынша немесе екі жаққа ысырылуы тиіс.

5.4.10. Қауіпті аймақтарда өрт пен жарылыстан қорғау үшін арнайы шынылар (металл сыммен нығайтылған) пайдаланылуы тиіс.

5.4.11. Қауіпті газдардың әсері болуы мүмкін жұмыс орындары мәжбүрлі желдетумен жабдықталуға тиіс.

5.4.12. Әдеттегі жағдайларда газдану тұтану шоғырына дейін көтерілуі ықтимал жұмыс орындарында жарық түсіру жарылыстан сақтандырылған қолдануда болуға тиіс.

5.4.13. Қауіпті учаскелер графикалық түрде немесе осы құрылыста пайдаланылатын жұмыс тілінде анық және түсінікті етіп белгіленуі тиіс.

5.5. Платформалар мен құрылғыларды жинау, тасымалдау, пайдалану, жөндеу және бөлшектеу

Міндетті тапсырмалар

5.5.1. Құрылғыларды жобалауды, жасауды, монтаждауды және пайдалануды тиісті лицензиялары бар ұйымдар жүзеге асыруы және объект орналасқан ауданның табиғи жағдайларын ескере отырып бұрғылау және/немесе өндіру жүргізген кезде құрылымдық тұтастыққа кепілдік беруге тиіс.

5.5.2. Мердігер 1) көтеру және нығайту; 2) түсіру және бастапқы ағызу; 3) жүзу кезіндегі жинау; 4) буксирлеу; 5) іске қосу және тік көтеру; 6) суға түсіру; 7) тіректерді орнату; сияқты жұмыстарды жүргізу кезінде теңіз мұнай операциялары үшін пайдаланылатын құрылғылардың құрылымдық беріктігін әлсіретуге жол бермеу, қорытынды монтаждан кейінгі барлық құрылыстың құрылымдық біріктігі мен тұтастығы үшін барлық қажетті шараларды қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.3. Теңіз операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын барлық объектілердің құрылымдық параметрлері халықаралық стандарттарға және практикаға сәйкес жүйелі тексеруге және техникалық қызмет көрсетуге жатуға тиіс.

5.5.4. Мердігер барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін учаскені қалпына келтіруге немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы

органмен келісілген жоспарға сәйкес басқа да шараларды жүргізуге тиіс.

Ең а з т а л а п т а р

5.5.5. Мердігер әр объект бойынша инспекторлық тексерулер жүргізуге және олардың түрі (көзбен шолу, электр магниттік, ультрадыбыстық немесе басқадай) мен дәрежесін көрсете отырып жазу, сондай-ақ олар қажет болған болса жүргізілген жөндеу жұмыстары, объектінің жалпы құрылымдық жағдайы туралы жазбалар жасауға тиіс. Тексерулер болуы мүмкін кезде Мердігер көрсетілген жазбалар сақталатын орынды көрсетуге тиіс.

5.5.6. Бұрғылау немесе мұнай кәсіпшілігі құрылғысын жеткізудің/жинаудың егжей-тегжейлі жоспарын дайындау қажет, ол техникалық жоспардың негізгі бөлігі болып табылады. Жоспарда: жеткізу бағдарламасы; метеорологиялық болжамдар; объект орналасқан жердегі теңіз түбін зерделеу; теңіз операцияларының барысында объектіге жеткізу жоспарланған жүктердің түрі, мөлшері мен салмағы; якорьдің үлгісі мен эксперименттік керу және/немесе балластың дизайны; байланыс функциялары; төтенше жағдайлардағы міндеттер мен іс-қимылдар жоспары болуға тиіс.

5.5.7. Теңіз объектісінің бортынан тыс биіктіктегі жұмыста монтаж бесіктер мен сақтандыру құралдары көзделуі тиіс. Көрсетілген жұмыстарды құтқару жилеттерінде, тәуліктің жарық уақытында, қолайлы ауа-райы жағдайында және құтқару кемесі болғанда орындауға жол беріледі.

5.6. Тиеу-түсіру жұмыстары. Крандар

М і н д е т т і т а п с ы р м а л а р

5.6.1. Теңізде орнатылатын немесе теңіз құрылыстарында қосалқы жұмыстарды жүргізу үшін және теңіз операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын барлық крандар белгіленген мақсаттарға және қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.6.2. Теңізде орнатылатын немесе теңіз құрылыстарында қосалқы жұмыстарды жүргізу үшін және теңіз операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын барлық крандарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету

халықаралық стандарттарға немесе олардың баламаларына және Қазақстан Республикасында қазіргі бар стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

5.6.3. Тиеу-түсіру жұмыстары үшін пайдаланылатын қондырғылар мен тетіктердің сертификаттары болуға және олар Теңіз Регистрінің талаптарына сәйкес тіркеуден өтуге тиіс. Бұл пневматикалық лебедкалардың арқандарына, шынжырларға, күршектерге, строптарға, тесіктерге, шынжырлы көтергіштерге ж ә н е т . б . қ а т ы с т ы .

Ең а з т а л а п т а р

5.6.4. Мердігер көтергіш құрылғыларды, олардың профилактикасын, краншылардың біліктілігін тексеру туралы бекітілген стандарттарға сәйкес жазуларды Қазақстан Республикасының аумағында көтергіш құрылғыларды пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде сақтауға тиіс.

5.6.5. Мердігер жүктерді көтеру жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқауларды әзірлеуге және оларды Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарына енгізуге тиіс. Осындай нұсқаулардың негізгі мәні арқандардың жағдайын бақылау мен оларды іріктеу рәсімдері, сондай-ақ стропальщиктердің жұмыстары және олардың кранның операторымен өзара іс-қимыл жасауы болып т а б ы л у ғ а т и і с .

5.6.6. Тиеу-түсіру жұмыстары аяқталғаннан кейін крандардың жебесі алынып тасталуы немесе тік ұшақтың жұмысына кедергі болмайтындай етіп орналасуға т и і с .

5.6.7. Мердігерде адамдарды кранның және тасымалдаудың осындай тәсілі пайдаланылса, себеттің көмегімен кеме бортынан теңіз объектісінің бортына (және кері) қауіпсіз тасымалдау жөніндегі нұсқау болуға тиіс.

5.7. Тұрғын үй және санитарлық-тұрмыс үй-жайлары

М і н д е т т і т а п с ы р м а л а р

5.7.1. Персоналдың тұрақты болуы талап етілетін барлық құрылыстар тұрғын үй-жайлармен қамтамасыз етіледі. Персонал кезең-кезеңмен болатын

құрылыстарда жағымсыз ауа-райы немесе көлік құралдары түзік болмау жағдайына келушілердің санына сәйкес пана болуға тиіс.

5.7.2. Құрылыстағы үй-жайлар санитариялық-гигиеналық талаптарға жауап беруге және өндірістік учаскелерден неғұрлым алыс орналасуға тиіс. Жарылыста, өртте немесе газдануда персоналды қорғау үшін уақытша баспана болуға тиіс. Уақытша пана құрылыстың бөлігі болуы немесе одан бөлек орналасуы мүмкін.

5.7.3. Құрылыстағы уақытша баспананың үй-жайы көшіру үшін Қажет уақытқа жарылыстың әсерінен, түтін мен газ кіруден, өрттің таралуынан тиісінше қорғалуы тиіс.

Ең аз талаптар

5.7.4. Тұрғын үй-жайлар, жабдықтар жұмыстың қауіпті учаскелерінен, скважиналардың сағасынан, бұрғылау ерітінділерін өңдеу жүйелерінен, двигательдерден, насостардан, мұнай мен ЖЖМ бар сыйымдылықтардан неғұрлым алыс орналасуға тиіс.

5.7.5. Тұрғын үй-жайлар мен уақытша баспана дайындауды және қысыммен жұмыс істейтін басқа мұнай кәсіпшілігі жабдығының (сепараторлар, жылу алмастырғыштар, компрессорлар, өнім өткізгіштер) мұнай мен газды тасымалдаудың процессорлық блогынан неғұрлым алыс орналасуға тиіс. Тұрғын үй-жайлардан негізгі авариялық шығатын жол процессорлық блоктың қарама қарсы жағында орналасуға тиіс.

5.7.6. Тұрғын үй блогының (кешеннің) әр тұрғын қабаты ең кемінде екі жеке шығатын есікпен және көшіру жолымен жабдықталуға тиіс. Шығатын есіктердің бірі үйдің ықтимал өрттен немесе жарылыстан ең қорғалған жағында орналасуға тиіс.

5.7.7. Объектідегі тұрғын үй-жайларда уақытша персонал үшін запас орынды ескере отырып, орналастыру жоспарланған адам санына сәйкес жатын орын болуға тиіс.

5.7.8. Персонал кіретін тамақ блогының ірі габаритті мұздатқыш үй-жайлар мен мұздатқыш қондырғылардың мұздатқыш камераларының ішінде сыртқы, іштен берілетін дабыл берумен және жарықты қолмен қосатын қосқышпен кедергісіз ашуға мүмкіндік беретін есіктері болуы тиіс.

6. Қауіп-қатерлерді кеміту және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар

6.1. Механикалық қауіп-қатерлер

Міндетті тапсырмалар

6.1.1. Объектіде орнатылған немесе пайдаланылатын барлық жабдықтар, құралдар, труба құбырлары, сыйымдылықтар мен өзге де өндірістік жабдықтар белгіленген міндеттерге сәйкес келуге және олардың сертификаттары болуға тиіс .

6.1.2. Объектіде орнатылған немесе пайдаланылатын барлық жабдықтар, құралдар, труба құбырлары, сыйымдылықтар мен өзге де өндірістік жабдықтарды жобалау, салу, орнату және техникалық қызмет көрсету республикалық немесе халықаралық қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс .

Ең аз талаптар

6.1.3. Тетіктер мен жабдықтардың ашық қозғалатын және айналатын бөліктері үнемі және қолданбалы болатын жерде қоршаулары, орамалары немесе экрандары болуға тиіс .

6.2. Электр қауіп-қатерлері

Міндетті тапсырмалар

6.2.1. Барлық электр жабдықтары жоспарланған мақсаттарға сәйкес келуге тиіс, бұл ретте оны жобалау, өндіру, орнату және техникалық қызмет көрсету республикалық немесе халықаралық қолданылып жүрген стандарттарға немесе олардың баламаларына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Техникалық қызмет көрсету қауіпті газ қоспаларының тұтану және жарылу қаупін кеміту үшін жүзеге асырылуы тиіс .

6.2.2. Құрылыстың қауіпті аймақ ретінде белгіленген учаскелерінде орналасқан электр жабдықтары осы Ережелердің 6.9-тармағына сәйкес жарылыстан сақтандырылып орындалуы тиіс.

6.2.3. Электр жүйелерін пайдалануды жоғары кернеулі жұмысқа рұқсаты бар білікті персонал жүргізуге тиіс .

6.2.4. Бұрғылау мұнарасы қажет жерлерде найзағайдан қорғалуға тиіс.

6.2.5. Электр қондырығыларына қызмет көрсететін техникалық персонал тиісті диэлектр құралымен және екіұдайлы оқшауланған және тізбекті жерге ажыратқыш кабельдері бар диэлектрлік орындаудағы ЖҚҚ-ымен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.3. "Жұмыс жүргізуге рұқсат беру" жүйесі

Міндетті тапсырмалар

6.3.1. Мердігер "Жұмыс жүргізуге рұқсат беру" (Рұқсат) жүйесін енгізуге тиіс, онда тиісті уәкілетті адам (адамдар) қызметтің қауіпті немесе стандартты емес түрлеріне рұқсат беруі талап етіледі.

6.3.2. Рұқсат жүйесі қысыммен жұмыс істейтін түбектерге қызмет көрсетуден , от жұмыстарынан, электротехникалық жұмыстардан, шектеулі кеңістіктегі операциялардан және радиоактивті, улы және жарылғыш заттармен жұмыстан тұратын қызметтің стандартты немесе қауіпті түрлерін жүргізу кезінде қолдану қажет алдын ала шараларды жазып тиісті рұқсат (наряд-рұқсат) алуды қамтамасыз етеді.

6.3.3. Рұқсат жүйесі ең кемінде:

- қажетті алдын ала шаралар қолданылғаны дәлелдене отырып теңіз құрылысындағы қауіпсіздік үшін жауап беретін адамның қолымен расталған, жазбаша және әр қызметкер үшін қол жеткізілетін жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат болуға;

- жұмыстарды тікелей орындаушы немесе жұмыстардың қандай да бір түрін жүргізу үшін жауап беретін адам, оның жұмысты жүргізудің қауіпсіздіктің барлық рәсімдері мен әдістерін түсінгенін растауға;

- жұмыстарды санкциясыз жүргізудің немесе бөтен персоналдың кіруінің алдын алу үшін кілттеу немесе белгілеу рәсімдерін көздеуге;

- жаңа ауысым немесе вахта келгенде жұмыстың ағымдағы жағдайын көрсетуге тиіс.

6.3.4. Барлық жедел персонал "қауіпті жұмыстарды жүргізу үшін рұқсат" жүйесінде жұмыс істеуге оқытылуы тиіс.

6.3.5. Рұқсат тәртібі Мердігердің жұмыс рәсімдерінде айқындалуы және Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарына келісуге табыс етілетін Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарына енгізілуге тиіс.

6.4. Мониторинг және авариялық дабыл беру

М і н д е т т і т а п с ы р м а л а р

6.4.1. От (жалын, температура көтерілген немесе түгін) пайда болған жағдайда мәлімдеу және шаралар қолдану жүйесін құру, дабыл көтеру және тиісті шаралар қолдану қажет.

6.4.2. Мониторинг жүргізу мен тұтанатын және уытты газдардың (көмірсутегінің болуы ықтимал) пайда болуын аңғару үшін газды табу жүйесін орнату, дабыл көтеру және тиісті шаралар қолдану қажет.

6.4.3. Өрттен қорғайтын автоматтық қорғау жүйелерін жобалауды, монтаждау мен техникалық қызмет көрсетуді қызметтің осы түріне лицензиясы бар ұйымдар атқарады, жабдық сертификатталған болады.

Е н а з т а л а п т а р

6.4.4. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында белгіленгендей от, газдың уытты газдардың жану қаупі және жарылу қаупі бар шоғырлануы мәлім болғанда дабыл көтеру және тиісті шаралар қолдану қажет.

6.4.5. Өртті және уытты газдарды табу жүйелері барлық адамдарды қауіп туралы ескерту үшін дыбыспен дабыл берудің (аса шулы учаскелерде көзбен шолуды) автоматты және қол құрылғыларымен жабдықталуға тиіс.

6.4.6. Мердігерде табу, дабыл беру және бақылаудың ұқсас функциялары жүйелерінің ажыратылуының алдын алатын мониторинг жүйесі болуға тиіс, оның өз кезегінде, егер осындай ажырату болғанда да әрекет жасап персоналға хабарлауға мүмкіндігі болуға тиіс.

6.4.7. Табудың барлық жүйелері электр қорегінің негізгі және авариялық жүйесі қатардан шыққан кезде Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында көрсетілген авариялық аккумуляторлардан жұмыс істеу кезіндегі, олардың техникалық сипаттамаларында көзделген уақыт ішінде мониторингті қамтамасыз етуге тиіс.

6.4.8. Дыбыспен және көзбен шолумен дабыл берудің барлық жүйелері анық және алдын ала белгілер, өртке арналып жеке, уытты газдар пайда болуына және платформадан көшіруге дайындалу жөніндегі белгілер, сондай-ақ, егер ондай белгі қолданылса, "Адам борт сыртында" деген белгі жасауға тиіс.

6.4.9. Көшіруге дайындалу жөніндегі белгіні жағдайларға байланысты және Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарының төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға арналған тарауында көрсетілген Мердігердің ішкі рәсімдеріне сәйкес теңіз құрылысының Директоры (Менеджері) немесе Капитаны тиісті шешім қабылданғаннан кейін қолмен береді.

6.4.10. Өртті және уытты газдарды табу жүйелері газдың тұтану немесе шығу кезеңінде табу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

6.4.11. Авариялық дабыл беруді қосуға арналған механикалық құрылғылар тиісті оңай қол жеткізілетін, жұмыс аймағынан шығатын жерде орнатылуы тиіс.

6.5. Авариялық электр жабдықтар

Міндетті тапсырмалар

6.5.1. Теңіз құрылысында авариялық электрмен жабдықтау жүйесі құрылуға тиіс, ол электр энергиясын берудің негізгі жүйесі қатардан шыққан жағдайда автоматты түрде қосылып негізгі функцияларды қамтамасыз ете алады. Жұмыстарды Қауіпсіз жүргізу жоспарында авариялық қамтамасыз ету дизайнының техникалық сипаттамасы мен персоналды көшіру үшін қажет жүйелі ұзақтығы көрсетілуі тиіс.

Ең аз талаптар

6.5.2. Авариялық қамтамасыз ету қызмет көрсететін негізгі жүйелер авариялық жарық беруден, байланыс құралдарынан, навигациялық аспаптардан, газ бен өрттің мониторингі жүйесінен, ӘҚҚ-дан, өртті басу жүйесінен,

скважинаны бақылау жүйесінен, жүк көтеретін жабдықтардан, сүңгуірдің қауіпсіздігі жүйесінен және қысқы кезеңде авариялық жылыту жүйесінен тұруға тиіс.

6.5.3. Ең кемінде айына бір рет авариялық электрмен жабдықтау және авариялық аккумуляторлардың жүйесін тексеру қажет, бұл ретте нәтижелер борттық вахталық журналда тіркелуге тиіс.

6.5.4. Авариялық электрмен жабдықтау жүйесі электр энергиясын берудің негізгі жүйесінен, сондай-ақ жарылыс және өрт болуы ықтимал жерден неғұрлым алыс болуға және отынды дербес бере алуға тиіс.

6.5.5. Теңіз құрылысы электр энергиясын берудің негізгі және авариялық жүйесі қатардан шыққан жағдайда автоматты режимде жұмыс істей алатын авариялық аккумуляторларды қосуға тиіс.

6.5.6. Авариялық аккумуляторлардың Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу Жоспарында көзделген және персоналды көшіру үшін қажет уақыттан кем болуға тиіс емес уақыт ішінде өрт пен газ, көзбен шолу және дабыл беруінің дыбыс жүйелерін, байланыстың негізгі құралдары мен авариялық жарық беру жүйелерінің мониторинг жүйелерін энергиямен жабдықтау үшін жеткілікті қуаты болуға тиіс.

6.6. Жаттығу дабылы

Міндетті тапсырмалар

6.6.1. Мердігер тиісті персоналға болуы ықтимал авариялық жағдайларға байланысты жаттығу дабылдарын әзірлеуге, енгізуге және үнемі іс жүзінде қолдануға тиіс. Жаттығу дабылдары скважинадан тастаулардың алдын алу, авариялық көшіру, борт сыртындағы адамдарды құтқару, медициналық көшіру, сондай-ақ нақты жағдайға және жүргізілетін жұмыстардың түріне байланысты өртпен және мұнайдың жайылуымен күрес жөніндегі іс-қимылдарды пысықтаудан тұрады, бірақ осымен ғана шектелмеуге тиіс.

6.6.2. Авариялық жабдықтарды пайдаланумен бірге, оны дұрыс пайдаланып және қолданып өзге функцияларды орындауға міндетті персоналды жаттықтыру қажет.

Ең аз талаптар

6.6.3. Авариялық жағдайлардағы іс-қимылдарды әрбір пысықтау, ең кемінде, жүйенің мәлім емес ақауынан немесе қолдау жүйелерінің жұмысын тексеру үшін команданың негізгі мүшесінің болмауына негізделуі тиіс.

6.7. Метеорологиялық болжам

Міндетті тапсырмалар

6.7.1. Мердігер операциялар ауданындағы ауа-райы туралы ақпаратты жинауға және тіркеуге тиіс, ол үшін теңіз объектілері метеорологиялық деректерді жинауға арналған тиісті аспаптармен және құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.7.2. Теңіз объектісі онда тұрақты тұратын персоналмен бірге жағадағы тиісті метеорологиялық қызметтерден ауа-райының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамымен, дауыл және басқа да жағымсыз ауа-райының жағдайлары туралы ескертулермен ұдайы қамтамасыз етілуге тиіс.

Ең аз талаптар

6.7.3. Мердігер жиналған метеорологиялық деректерді метеорологиялық ақпарат жинау үшін жауапты тиісті мемлекеттік органға оның өтініші бойынша және осы деректер жиналған нысанда табыс етуге тиіс.

6.8. Жағымсыз метеорологиялық жағдайлар кезіндегі іс-қимылдардың үлгілік тәртібі

Міндетті тапсырмалар

6.8.1. Мердігер жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін операциялар жүргізілетін жерге тән жағымсыз ауа-райы кезіндегі іс-қимылдардың негізгі бағыттары мен жоспарын әзірлеп Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу Жоспарына енгізуге тиіс.

Ең аз талаптар

6.8.2. Жағымсыз ауа-райы кезіндегі іс-қимылдар жоспары мына шаралардан тұруға тиіс, олардың көмегімен Мердігер:

- 1) персоналдың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіпті азайтатын болады;
- 2) объекті мен оның құраластарына дауыл келтіретін залалды кемітетін болады;
- 3) қоршаған ортаны ластаудың мүмкіндігін кемітетін болады.

6.9. Қауіпті аймақтар мен электр жабдықтарына қойылатын талаптар

6.9.1. Көмірсутегі газдарының кезеңді болуы әдеттегі технологиялық процесспен байланысты (қауіптің 1-аймағы), сондай-ақ тұтанатын газдардың авариялық шығудың нәтижесінде пайда болуы ықтимал аймақтар да (қауіптің 2-аймағы) осы Ережелерде "қауіпті" деп жіктелетін аймақтар болып табылады.

6.9.2. қауіптің 1-аймағына:

- скважинаның орталығынан еденде 10 метрге радиуспен сызылатын, жоғары 5 м және бұрғылаудың еденінен он метр төмен жалғасатын;
- бұрғылау ерітіндісі айналатын ашық жүйенің 5 метрге радиусы бойынша

барлық бағыттағы аймақ;

- өндіру платформаларында қысыммен жұмыс істейтін процессорлық жабдықтан барлық жаққа 15 метр радиустағы аймақ;

- жарылу қаупі бар газдың қоспасы жиналуы мүмкін кез-келген жабық үй-жай жатады.

6.9.3. 2-аймақ деп құрамында тұтанатын газдар бар жарылу қаупі бар шоғырлануыға дейін өсуі мүмкін теңіз құрылысының қалған учаскелері түсініледі.

6.9.4. 1-аймақ ретінде жіктелетін аймақ шектерінде мұнайгаз өнеркәсібінің қажетіне шығарылатын және жарылу қаупі бар атмосфераларда қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін электр жабдықтары мен ДВС пайдаланылуы және олар мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Электр генераторлары, жарық беру аспаптары мен басқа да стационарлық және жылжымалы электр жабдықтары ҚР қазіргі бар стандарттарына немесе халықаралық стандарттарға, не олардың баламаларына сәйкес жарылыстан сақтандырылып орындалуға тиіс;

- 1-қауіпті аймақтың шектерінде орналасқан ДВС пен газ турбиналары саңылаусыз үлгідегі және отқа төзімді материалдардан жасалған газ өтпейтін бөліктерде орналасуға тиіс. Бөліктер 2 немесе қауіпсіз емес аймақ ретінде жіктелуге тиіс. Ауа алынатын және жіберілетін жерлер қауіпті аймақтан тыс орналасуға тиіс;

- жарылыстан сақтандырылған орындаудағы төмен вольтті бақылау-өлшеу аспаптары мен байланыс құралдары қауіпті аймақтарда пайдаланылуы мүмкін;

- жұмыс аймағының ауасында тұтанатын шоғырлану болған жағдайда ұшқын тұтанбау үшін электр қорегі мардымсыз болуға тиіс.

6.9.5. 2-қауіпті аймақта орналасқан электр жабдығы мұнайгаз өнеркәсібінің қажеті үшін шығарылатын электр аппараттарына арналған қазіргі бар стандарттардың талаптарына жауап беруге тиіс, олар пайдалану кезінде ұшқынданбауға немесе газ-ауа қоспаларының жарылуы үшін жеткілікті ыстық беттері болмауға тиіс.

6.10. Теңіздегі өрт пен жарылыстың алдын алу, оларды табу және күресу тәртібі

Міндетті тапсырмалар

6.10.1. Мердігер жанатын немесе жарылу қаупі бар заттардың бақылаусыз тастауының, сондай-ақ өрттер мен жарылыстардың алдын алу үшін барлық мүмкін шараларды қазіргі бар талаптарға сәйкес қолдануға тиіс.

6.10.2. Мердігер тұтанатын, жанатын немесе жарылатын заттарды, оларды сақтау үшін арналған жабдықтардан тыс жинақталуының алдын алуға тиіс.

Ең аз талаптар

6.10.3. Теңіз құрылысының персонал тұрақты болатын бортында өрт кезінде жиналатын пункт ұйымдастырылуы, ал теңіз құрылысының әрбір мүшесі өрт немесе өрт жаттығуларының кезіндегі өзінің іс-қимылдарын білуге тиіс.

6.10.4. Әр объекті үшін өрт сөндірудің жоспары әзірленіп және ол ұдайы болуға тиіс. Өрт сөндіру жоспарының көшірмесі жиналу пунктінде болуға тиіс.

6.10.5. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында барлық персоналдың іс-қимылы, сондай-ақ авариялық жағдайларда, атап айтқанда, өрт кезіндегі өрт командасының әрбір мүшесінің міндеттері жазылуға тиіс.

6.10.6. Шылымды тек шылым тартатын аймақтар ретінде айқын белгіленген орындарда ғана рұқсат етілуі мүмкін.

6.10.7. Әр объект үшін от жұмыстарына рұқсат рәсімдері болуы және қолданылуы тиіс.

6.10.8. Тұрғын үй және жұмыс үй-жайларының екіден кем емес шығатын есіктері болуға тиіс.

6.10.9. Тұтанатын газдар жиналуы ықтимал жабық жұмыс үй-жайлары жұмыстың әдеттегі жағдайларында тұтану және/немесе жарылуға қауіпті шоғырлануыда жиналуының алдын алу үшін жеткілікті қуаты бар соратын желдеткіштермен жабдықталуға тиіс. Желдеткіш тесіктер өрт жапқыштармен жабдықталуға тиіс.

6.10.10. ДВС, газ турбиналары, желдеткіш жүйелері мен басқа да электр жабдықтары үшін газдың авариялық шығу жағдайына жедел тоқтату мүмкіндігін көздеу тиіс.

6.10.11. Қысыммен жұмыс істейтін мұнай кәсіпшілігінің процессорлық жабдығы авариялық шығу жағдайына авариялық бекіту және қысымды төмендету жүйесімен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.10.12. Тұтанатын заттарды сақтау үшін арнайы шкафтар көзделуге тиіс, олар үшін белгіленген учаскелер бөлінеді және өрт қауіпсіздігінің қосымша шаралары көзделеді. Өзінен-өзі тұтануы мүмкін май сіңген ескі-құсқылар мен басқа да материалдарды сақтау өртенбейтін контейнерлерде жүзеге асырылуға тиіс.

6.10.13. Өрт қауіп-қатері жоғары жерлерде өрт дабыл беру жүйесіне қосылған автоматтық детекторлар орнатылуға тиіс.

6.10.14. Теңіз құрылыстары персонал тұрақты болатын теңіз объектілерінде өртпен күресуге арналған өрт насостарымен, өрт арналарымен, су себетін шлангпен және бранспойтпен жабдықталуға тиіс.

6.10.15. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспары бір насос қатардан шыққанда қалғандары судың шығыны мен қысымын есепке алып, суды өрт су құбырына беруді қамтамасыз етуін ескере отырып, өрт насостарының санын белгілеуге тиіс.

6.10.16. Кезекші кеме насосының қуаты суды құрылыстың жоғарғы палубасына дейін беруді жүзеге асыру үшін жеткілікті болуға тиіс.

6.10.17. Объект көрінетін және қол жететін жерлерде орналасқан жылжымалы өрт сөндіргіштердің жеткілікті санымен жабдықталуға тиіс. Өртсөндіргіштер дереу пайдалану үшін дайын және тұтану ықтималдығының сыныбына сәйкес болуға тиіс.

6.10.18. Объектіде ең кемінде құрылысқа қарама-қарсы және тұтанудың ықтимал көздерінен алыс учаскелерінде орналасқан қолмен демалдыру аппараттарын қоса алғанда, өрт жабдығының, құралдары мен аммунициялар бар екі өрт шкафы болуға тиіс.

6.10.19. 6.9.2-тармақпен белгіленген қауіпті аймақта орналасқан кез-келген электр жабдығы жарылыстан сақтандырылған орындауда, ең кемінде ҚР қолданылып жүрген стандарттарға (8) және электр жабдығының жарылыс қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға (B-1, B-1r, B-a) немесе IEC халықаралық

электртехникалық комиссиясының, CENELEC Стандарттау жөніндегі европалық қауымдастықтың стандарттарына сәйкес орындалуға тиіс. ДВС пен жылыту жабдықтарының тұтанатын газдармен жанасқан кезде тұтануы немесе жарылуы мүмкін ыстық оқшауланбаған беттері болмауға тиіс.

6.10.20. Қалған электр жабдықтары ҚР қолданылып жүрген стандарттарына (жарылыс қауіпсіздігінің сыныбы В-1б) немесе халықаралық стандарттарға ("п қорғаныс түрі") сәйкес ұшқыннан сақтандырылып орындалуға тиіс.

6.10.21. 1-қауіпті аймақта соққыда ұшқын пайда болмайтын мысталған слесарлық құрал пайдаланылуы тиіс.

6.10.22. Өрт сөндірудің автоматты жүйелерін оларды пайдалану ережелеріне сәйкес болатындай етіп жобалау, орнату және пайдалану қажет.

6.10.23. Теңіз құрылыстары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автоматты өрт сөндіру жүйелерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.10.24. Персонал болатын құрылыстардағы өрт сөндіру жүйелері Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарында белгіленген қажетті қорғанысты өндірістік жабдық орнатылған барлық учаскелерде, сондай-ақ тұрғын үй-жайларда қамтамасыз етуге тиіс.

6.10.25. Өрт сөндіру жүйелері пайдаланылуы оңай, өрт сөндіруге арналған тиісті агенттермен толтырылған, оттан және ауа-райының жағдайларының әсерінен қорғалған, оларды жылдам пайдалануға мүмкіндік беретін оңай алынатын жерлерде орналасқан қолға ұстайтын және жылжымалы өрт сөндіргіштердің тиісті санымен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.10.26. Өрт командасы жылу радиясының әсерінен, түтіннен және өрттерде болатын басқа да қауіпті әсерлерден қорғау мүмкіндігі бар арнайы ЖҚҚ-ымен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.11. Көшіру тәртібі

Міндетті тапсырмалар

6.11.1. Мердігер әртүрлі авариялық жағдайларда қолданылатын Авариялық көшіру жоспарын әзірлеп енгізуге тиіс.

6.11.2. Мердігерде бір көлік құралының болмауын ескере отырып авариялық жағдайда персоналды қондырғыдан көшіруді қамтамасыз ету үшін ықтимал

көлік құралдары болуға тиіс. Персоналды уақытша баспанамен қорғауға арналған жобада көзделген мерзімдерде, сондай-ақ объектінің жұмысы көзделетін табиғи жағдайларда көшіруді қамтамасыз етуге тиіс. Қажет кезде мұзға қауіпсіз көшіру үшін құралдар көзделуге тиіс.

Ең аз талаптар

6.11.3. Авариялық көшіру жоспарында көшіру жолдары мен жиналу орны, түгендеу тәртібі, сондай-ақ авариялық жағдайлардағы әрбір адамның негізгі міндеттерін жазу көзделген.

6.11.4. Құрылыста көшіру кезіндегі бағытты көрсететін көшу схемасы мен белгілер ілінуге тиіс.

6.11.5. Авариялық көшіру жоспарында төтенше оқиғалар жағдайында теңізде көшірудің тәртібі анық және түсінікті жазылуға тиіс.

6.11.6. Уақытша баспана адамдарды борттағы адамдарды өрттің, температураның көтерілгенінен, уытты газдардан, сондай-ақ мүмкіндігінше жарылыстың салдарынан қорғауға тиіс. Уақытша баспанаға және одан көшіру жолдары өрт пен жоғары температурадан қорғалуы тиіс, бұл ретте олар төтенше оқиғаның барлық кезеңінде ашық болуын қамтамасыз етілуге тиіс.

6.11.7. Қондырғы бірде-бір авария көпфункционалды құралдар мен көшіру маршруттарының, сондай-ақ жиналудың қауіпсіз пункттерінің көмегімен қауіпсіз жиналу мен көшіруге кедергі болмайтындай етіп салынуы және жұмыс істеуі тиіс.

6.11.8. Адамдар тұрақты тұратын теңіз объектісінде өрт туындаған кезде қолдауды қамтамасыз ету үшін кезекші кеме су айдағыштар суды объектінің жоғары палубасына беруін және су бүркеуінің болуын қамтамасыз ететін өрт жабдықтарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Кеме көшірілетін персоналды бортқа қабылдауға мүмкіндік және алғашқы көмек көрсету үшін жабдығы болу болуы тиіс. Кез-келген ауа-райы жағдайларында барлық персоналды, уақытша баспананың болу ұзақтылығы үшін дизайнмен көзделген уақыт ішінде көшіру үшін мүмкіндік болуға тиіс.

6.12. Байланыс құралдары

Міндетті тапсырмалар

6.12.1. Теңіз қондырғысы мен Мердігердің жағадағы қолдау қызметтері арасындағы байланыс үшін персонал басқаратын тұрақты жұмыс істейтін және сенімді байланыс құралдары болуға тиіс.

6.12.2. Мердігер радиожілікті пайдалану үшін Көлік және коммуникациялар саласындағы орталық атқарушы органнан тиісті рұқсат алуға тиіс.

Е н а з т а л а п т а р

6.12.3. Байланыстың барлық құралдары оны пайдалану жағдайларында ұдайы және сенімді байланысты қамтамасыз етуге тиіс. Атмосфералық жағдайлар әсер ететін жүйелерін, осындай әсер өтпейтін байланыстың балама жүйелері болған жағдайда пайдалануға жол беріледі.

6.12.4. Персонал тұрақты болатын теңіз қондырғысында және жағадағы қосалқы қызметтерде теңіз және авариялық тұрақты жұмыс істейтін байланыс арналарының тәуліктік мониторингі жүзеге асырылуы тиіс.

6.12.5. Тік ұшақ алаңдарымен жабдықталған теңіз қондырғыларда теңіз кемелерін қамтамасыз етуге арналған радиомаяктар болуға тиіс.

6.12.6. Теңіз операцияларын қолдау үшін пайдаланылатын теңіз және әуе кемелері радиомаяктан белгі қабылдайтын тиісті қабылдағыштармен ж а б д ы қ т а л у ғ а т и і с .

6.12.7. Персонал тұрақты болатын объектіде барлық қызметкерлермен байланыс үшін дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі орнатылуы тиіс.

6.12.8. Барлық байланыс құралдары өзінің мақсатына сәйкес болуға, мұның өзінде оларды жобалау, орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету қолданылып жүрген республикалық немесе халықаралық стандарттарға немесе олардың баламалардың сәйкес болуға тиіс.

7.0. Геофизикалық операциялар

7.1. Сейсмикалық барлау

Міндетті тапсырмалар

Сейсмикалық барлау жөніндегі барлық операциялар белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілуге тиіс (9), (10).

7.3.6. Колонналарды перфорациялау жөніндегі жұмыстарды өндіру фонтанға қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізілуге тиіс. Пластқа депрессиямен бірге перфорациялау белгіленген және тиісті қысымға престелген фонтандық арматурада және сағасын тиісті түрде байлағанда жол беріледі. ӘҚҚ-ыны немесе перфоторлық ысырманы және лубрикаторды пайдаланып, репрессиямен бірге перфорациялауға жол беріледі. Кез-келген жағдайда скважинаны басуға, бірақ скважинаның көлемінен 2 еседен кем емес бұрғылау ерітіндісінің запасы болуға тиіс.

7.3.7. Арнайы алаңдарда орнатылған жылжымалы контейнерлерде ату-жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде теңіз қондырғысында жарылғыш заттарды уақытша сақтауға жол беріледі. Алаң елеулі өрт жағдайына контейнерлерді теңізге авариялық тастау үшін арнайы құралмен жабдықталуы тиіс.

8.0. Скважинаны бұрғылау, аяқтау жөніндегі операциялар мен техникалық қызмет көрсету

8.1. Жалпы талаптар

Міндетті тапсырмалар

8.1.1. Мұнаралар, мачталар, мұнара астындағы негіздер мен тиісті жабдықтар өзінің міндеттеріне сәйкес болуға және тау-кен техникалық қадағалау мен төтенше жағдайлардың жергілікті органында тіркелуге тиіс (28). Жабдықты таңдау, жобалау, орнату пайдалану мен техникалық қызмет көрсету ол пайдалану барысында душар болатын ықтимал жүктемеге сәйкес болатындай етіп жүзеге асырылуы тиіс.

8.1.2. Мердігер скважиналарды жоспарланған бұрғылау/жөндеу операцияларын жүргізуге құрылыстың даярлығы туралы ақпаратты Ережелердің 1.4.8-тармағына сәйкес атқарушы органның жергілікті органына табыс етуге міндетті.

Ең аз талаптар

8.1.3. Мұнаралар, мачталар, мұнара астындағы негіздер мен тиісті жабдықтар жылдың белгіленген уақыты мен операцияларды жүргізу орны үшін теңіз, метеорологиялық және мұз жағдайларына шыдауы тиіс.

8.1.4. Скважиналарды бұрғылау/жөндеу үшін қондырғылар мен тиісті жабдықтарды платформаға немесе бір платформада бір скважинадан екіншісіне дейін жылжыту қауіпсіз тәсілмен жүргізілуге тиіс. Көмірсутегінің фонтандық өндіруі жүргізіліп жатқан бір учаскеде орналасқан барлық скважиналардың аузы олардың үстінен жүк жылжытудан қорғалуы тиіс.

8.1.5. Барлық бұрғылау скважиналарындағы бұрғылаушының басқару пульті

лебедканың, бұрғылаушының автоматтық кілттің (БАК) және көтерілген сыналары кезінде ротордың кездейсоқ қосылуының алдын алу жөніндегі қондырғымен жабдыкталуы тиіс.

8.1.6. Бұрғылау ерітіндісінің желісі, қадауша, шланг пен жетекші труба насостың барынша көп ықтимал жұмыс қысымына престоумен сыналады. Бұрғылау насосында насостың двигателін автоматты түрде ажырату қондырғысы мен жұмыс қысымымен 10%-15%-ке асатын айдайтын қысым өскен кезде әрекет ететін қысымды автоматты түрде төмендетудің алдын алатын қондырғы болуға тиіс.

8.2. Түсіру-көтеру операциялары (ТКО)

Міндетті тапсырмалар

8.2.1. Мердігер ТКО жүргізу кезіндегі қауіпсіз жұмыстың: бұрғылау трубаларын көпіршелерден бұрғылаудың еденіне (және кері), бұрғылау шырақтарының шам қойғыштардан беру (және кері), пневматикалық және механикалық кілттердің көмегімен бұрандалы қоспаларды нығайту және босату және басқа да жұмыстардың, сондай-ақ ТКО-ын шектеулі көруге мүмкіншілік жағдайларында, қатты жел немесе аяз кезінде және басқа да қолайсыз ауа-райы жағдайларында жүзеге асыру тәртібін әзірлеуге тиіс.

Ең аз талаптар

8.2.2. Скважина бұрғылауға арналған барлық қондырғылар кронблочка таль блогының кіруінің алдын алатын (кіруге қарсы қондырғы) және мұнараға немесе таль жүйесіне жүктемені шектеуші қондырғымен жабдыкталуға тиіс. Кіруге қарсы қондырғыны тексеру апта сайын, сондай-ақ түсіру-көтеру операциялары (ТКО) алдында жүргізу қажет.

8.2.3. Мұнай-газ-су көрінуінің алдын алу үшін бұрғылау трубаларының колонналарын көтеру Бұрғылау бағдарламасына (технологиялық тәртіпке) сәйкес жүргізіледі.

8.2.4. Мұнараның шам қойғышына орнатылатын бұрғылау трубаларының шырақтары құлаудан сақтандыру қажет. Шырақтар ұзындығының 0,75 метр айырмасында жоғарыдағы жұмысшының жылжымалы бесігі пайдаланылуы тиіс. Жоғарыдағы жұмысшыға монтаждық белдіксіз жұмыс істеуге тыйым салынады.

8.2.5. Көтергіш жабдықты (таль блогын, ілгек-блоқты, строптарды, таль арканын, элеваторларды, спайдарлерді және т.б.) профилактикалық тексеру ең кемінде айына бір рет және жасаушы зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқауына

сәйкес жүргізілуге тиіс және тексерудің қорытындылары журналға енгізілуге тиіс.

8.2.6. Тальдің арқаны ТКО-ының саны мен ілгекке түсетін жүктемеге байланысты кезең-кезеңмен созылуға тиіс. Таль арқанын қайта жарақтандыру кезеңділігі таль жүйесі жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

8.3. Авариялық ажырату жүйелері

Ең аз талаптар

8.3.1. Бұрғылау қондырғыларында бұрғылау пультінің немесе скважинаға қызмет көрсету жөніндегі оператордың станциясының жанында, сондай-ақ тұрғын үй-жайларда авариялық есіктердің жанында электр жабдықтары мен ДВС-ін авариялық ажырату жүйесі орнатылуға тиіс.

8.3.2. Қауіпті аймақта орнатылған дизель агрегаттары, олар айналымдардың жол берілген санынан асқан жағдайда двигательді автоматты ажыратуға арналған құрылғымен жарақтандырылуы тиіс.

8.4. Тастауға қарсы жабдықтар жүйесі мен оның құраластары

Міндетті тапсырмалар

8.4.1. Бұрғылау, айдау, техникалық қызмет көрсету және скважиналарды жөндеу кезіндегі ашық фонтандаудың алдын алу үшін халықаралық стандарттарға жауап беретін (12) тастауға қарсы (ТҚЖ) жабдық орнатылуға тиіс. Кигізбе колонна кондукторды цементтегеннен кейін ТҚЖ скважинаны тиімді бақылай алатындай етіп скважинаны сенімді нығайтуға тиіс.

8.4.2. Кондукторды цементтегенге және ТҚЖ орнатқанға дейін метан газының бақылаусыз тастауын болдырмау үшін шағын тереңдікте бұрғылау кезінде сағаға орнатылатын ауытқушы пайдаланылуы тиіс.

8.4.3. ТҚЖ скважинадағы басым геологиялық-техникалық ережелерге сәйкес болуы тиіс.

Ең аз талаптар

8.4.4. ТҚЖ-ыны тым төмен немесе жоғары қабаттық қысым сияқты белгілі немесе күтілетін қабаттық жағдайларды, күкіртті сутектің және басқалардың болуын ескере отырып Скважинаны бұрғылау жобасы белгіленеді.

8.4.5. Бұрғылауды, жөндеуді және скважинаға қызмет көрсетуді жүргізетін

персоналдың, олардың скважинаны бақылау және ТҚЖ-ымен жұмыс істеу тәжірибесі болуын растайтын сертификаттары болуға және әр екі жыл сайын қайта дайындықтан өтуге тиіс. Сертификаттау халықаралық нормалар бойынша ө т у г е т и і с .

8.4.6. Бұрғылау жабдығының бастапқы монтажынан кейін және цемент көпірлерін бұрғылаудан бұрын кигізбе колонналардың саңылаусыздығын тексеру және ТҚЖ-ының әр торабын қысыммен престоппен тексеру қажет, ол бұрғылау жобасына, ТҚЖ-ының технологиялық тәртіптері мен паспорттық сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Қысыммен сынау құжатпен ресімделеді және сынаулардың нәтижелері бақылау үшін Мердігерде скважинаны салудың барлық кезеңі ішінде ықтимал тексерулер үшін сақталады. Фланец қоспаларының саңылаусыздығы ТҚЖ-ын әр монтаждаған сайын қ ы с ы м м е н т е к с е р і л е д і .

8.4.7. Әр ТКО аяқталғаннан кейін ТҚЖ көзбен шолып (сырттан қарау) және функционалды (ашып-жауып) тексеріледі. Мұндай тексеру тәулігіне бер реттен артық емес жүргізіледі. Тексеру нәтижелері вахталық журналға енгізіледі.

8.4.8. ТҚЖ ең кемінде мыналардан тұрады:

Жерүсті ТҚЖ: труба қыстырмалары бар екі превентордан, бір әмбебап превентордан (ӨП), тұйық (қиятын) қыстырмалардан және екі гидравликалық ысырмадан, кері және шарлы клапаны бар бағыттаушы трубадан тұрады.

Егер әртүрлі диаметрдегі трубалардан бұрғылау колоннасы қолданылған жағдайда, жоғарыда аталған жабдықтарға бір превентордың қуысына монтаждалған әртүрлі диаметрдегі немесе ең үлкен және ең шағын бұрғылау колоннасы үшін екі қыстырма превенторлардан тұратын труба қыстырмалары қ о с ы л а д ы .

Жерасты ТҚЖ: жоғарыда аталған жерасты құрылғыларына екіұдай басқарылатын, оның ішінде автоматтықтан тұрады.

Күрделі географиялық жағдайларда бұрғыланатын скважиналар үшін (H_2S және АВПД қолданылып жүрген талаптарға сәйкес қиятын қыстырмалары бар превентор көзделуге тиіс (13).

8.4.9. ТҚЖ сөндіретін және дросселдейтін қырлармен байланады, олар өз кезегінде жұмыс қысымына престелуге тиіс.

8.4.10. ТҚЖ-ының дистанциялық басқарудың көмекші пульті ТҚЖ-ын басқару жөніндегі бұрғылаушының пультіне қосымшаға түзік жағдайда және көрінетін, оңай қол жететін жерде орналасуы тиіс.

8.4.11. Бұрғылау орнының едені астында орнатылған қыстырма превенторлардың қолмен жабатын штурвалдары металл қалқандармен жабдықталуға тиіс.

8.5. Бұрғылау ерітіндісін өңдеу

Міндетті тапсырмалар

8.5.1. Мердігер бұрғылау ерітіндісін өңдеу, өндіру және айналу жөніндегі тәртіптерді әзірлеуге тиіс, олар өзінің реологиялық қасиеттері бойынша күтілетін жерүсті және қабаттағы жағдайларға сәйкес тұрақты бұрғылау ерітіндісін алуға мүмкіндік беруге тиіс.

8.5.2. Бұрғылау ерітіндісінің жүйесі ағынды судардың және бұрғылау шламының жүйесімен бірге тұйық болуға, ол қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жауап беруге тиіс.

Ең аз талаптар

8.5.3. Бұрғылау ерітіндісінің дегазаторы бұрғылау басталғанға дейін бұрғылау ерітіндісінің айналу жүйесінде орнатылуға және скважинаны бұрғылау барысында пайдаланылуы тиіс.

8.5.4. Мердігер бұрғылаудың барлық кезеңінде бұрғылау ерітіндісінің параметрлерін өлшеу үшін тиісті бақылау-өлшеу жабдықтарымен қамтамасыз етуге тиіс. Бұрғылау ерітіндісінің талдаулары тиісті халықаралық стандарттармен танылған қазіргі бар әдістемелерге және технологиялық тәртіптерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

8.5.5. Мердігер бұрғылау қондырғысының алаңында орнатылған индикаторлары бар бұрғылау ерітіндісінің мониторингі үшін тиісті жабдық орнатуға тиіс, ол көзбен шолу және дыбыспен дабыл беру жүйелері бар ерітінді мөлшерінің өзгеруін айқындауға арналған бұрғылау ерітіндісінің индикаторынан, бұрғылау кезінде бұрғылау ерітіндісінде ерітілген газдардың құрамына бақылау жасайтын, көзбен шолу және дыбыспен дабыл беру жүйелерімен жарақтандырылған газанализаторлары тұруға тиіс.

8.5.6. Қауіпті шоғырлануда газ жиналуы мүмкін айналым жүйесінің учаскелері желдетілуі және газ өлшеу құрылғыларымен жарақтандырылуы тиіс.

8.5.7. Күкірттісутектің болуы күтілсе, H_2S -ының жабдыққа әрекетін төмендету үшін бұрғылау бағдарламасы ингибиторлардың, жұтқыштардың, дегазаторлардың және басқа химиялық реагенттер мен құрылғылардың пайдаланылуын көздеуге тиіс.

8.5.8. Мұнай негізіндегі ингибирленген, эмульсиялық ерітінділерді пайдалану кезінде жұмыс орындарын ластаудың және ауа ортасының газданудың алдын алу жөніндегі шаралар қолданылуы тиіс. Жұмыс аймағының ауасындағы күкірттісутектің жиынтық шоғырлануы 300 мг/с³-тен кем болмауға тиіс.

8.6. Жаттығу дабылдары

Міндетті тапсырмалар

8.6.1. Жаттығуға қатысатын персонал кез-келген төтенше жағдайларға тез және дұрыс әрекет етуге дайын болуға тиіс. Әр штаттан тыс жағдайдың алдындағы нұсқаулық әр жаттығатын командамен жүргізілуге тиіс.

8.6.2. Жаттығу дабылдары ең кемінде аптасына бір рет әр топ үшін жүргізілуге тиіс.

8.6.3. Жаттығу дабылдарын жүргізу кезінде нақты жағдайға мүмкіндігінше жақын болуға тиіс тастаулардың алдын алуды пысықтау қажет, бірақ олардың кестесі мен тәртібі әдеттегі технологиялық процесті жүргізуге кедергі болмауға немесе оны өзгертпеуге тиіс.

8.6.4. Жаттығу дабылдарының нәтижелерін персоналмен талқылау қажет. Жаттығулардың нәтижелері бұрғылау жөніндегі жылсайынғы есепке енгізілуге тиіс.

8.7. Скважиналарды консервациялау және жою

Скважиналарды консервациялау және жою жөніндегі жұмыстар Скважиналарды салуға арналған техникалық жобаға және Қазақстан Республикасының теңізінде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі құрылыстың техникалық ережелеріне сәйкес жүргізілуге тиіс.

8.8. Радиоактивтік көздерді жою

Міндетті тапсырмалар

8.8.1. Мердігер скважинада радиоактивтік көзі бар аспапты жоғалтқаны туралы оны іздеу және алу жөніндегі әрекет басталғанға дейін тиісті бақылаушы органдарын хабардар етуге тиіс. Мердігер көзді табу және алу үшін барлық күшін салуға тиіс.

8.8.2. Радиоактивтік көз техникалық себептермен алынбауы мүмкін скважина оқпанының бөлігі көз механикалық түрде бұзылуы мен бұрғылау ерітіндісі мен қабаттық флюидті радиоактивтік ластаудың алдын алу мақсатында қалған оқпаннан сенімді түрде оқшаулануы тиіс.

9.1. Скважиналарды сынау, қарқындату

9.1.1. Скважиналарды сынау кезінде қолданылатын барлық жабдық тағайындалуына сәйкес келуге және жоспарланған пайдалану үшін сертификатталған болуға тиіс.

9.1.2. Құрамында күкірттісутек бар скважиналарды сынау кезінде скважинаны сынау жөніндегі жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы оларды бастамастан 2 тәулік бұрын тиісті жергілікті бақылаушы орындарды хабардар

10.3.1. Сепараторларды, тазартқыштарды, компрессорларды, коллекторларды және труба құбырларын қоса алғанда барлық өндірістік қондырғылар белгіленген міндеттерге және қауіпсіздіктің негізгі ережелеріне сәйкес жобалануы және

Ең аз талаптар

10.3.2. Қысыммен немесе отпен жанасу кезінде жұмыс істейтін барлық түбектерді қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен түбектер үшін қабылданған қолданылып жүрген республикалық немесе халықаралық стандарттарға сәйкес жобалау, орнату, сертификаттау және техникалық қызмет көрсетуді жүргізу қажет.

10.3.3. Қысымды тастау клапандарын жобалау, орнату және оларға техникалық қызмет көрсету қолданылып жүрген республикалық немесе халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

10.3.4. Скважинаның сағасынан бірінші сақтандырғыш клапанға дейінгі жетекші манифольд скважинаның басындағы сағадағы қысымға сәйкес келуге тиіс. Адамдар бар объектіде орналасқан манифольдідегі ағып кетуді табу үшін қауіпсіздіктің тереңдіктегі және сағадағы клапандарын жабуды реттейтін газ детекторлары пайдаланылуы тиіс.

10.4. Өндіру кезіндегі қауіпсіздік жүйелер. Сынау және тіркеу

Міндетті тапсырмалар

10.4.1. Негізгі жұмыс параметрлері мен жұмыстың алдыңғы нәтижелеріне сәйкес қысымды төмендетудің клапандары мен сақтандырғыш жүйелерін ұдайы тексеруді жүргізу қажет.

Ең аз талаптар

10.4.2. Мердігер қауіпсіздіктің әрбір белгіленген жерасты және жерүсті құрылғысын сынау туралы жазбаларды қазіргі бар жағдайларды қоса алғанда оларды пайдаланудың барлық кезеңі ішінде сақтауға тиіс.

11.0. Бастапқы шикізат пен материалдарға қойылатын талаптар

Міндетті тапсырмалар

11.1. Мердігер, олар пайдаланылатын тиісті табиғи және өзге де жағдайларға сәйкес берілетін материалдарды пайдалануға тиіс.

Ең аз талаптар

11.2. Скважиналарды бұрғылау, аяқтау, күрделі жөндеу және өндіру кезінде пайдаланылатын барлық труба материалдарын жобалауды, өндіруді, техникалық қызмет көрсетуді және сынауды белгіленген тәртіппен жүзеге асыру қажет.

11.3. Материалдармен жұмыс істеу, тасымалдау және сақтау тәртібі

Міндетті тапсырмалар

11.3.1. Бұрғылау ерітіндісі, қосымшалар және өзге де химиялық немесе зиян заттар сияқты бұрғылау материалдарын пайдаланатын персонал жұмыстарды

қауіпсіз жүргізу, осы материалдарды орналастыру жөнінде нұсқау алуы тиіс. Персонал ықтимал қауіп туралы білуге және оның қажетті ЖҚҚ болуға тиіс.

Ең аз талаптар

11.3.2. Зиян химиялық заттар өзге химиялық заттардан сондай-ақ бір-бірінен бөлінуге (тұтану қауіпі) тиіс.

11.3.3. Қауіпті учаскелерде немесе олардың маңында тиісті зиян жағдайларды көрсететін графикалық түрде немесе жұмыс тілінде орындалған ескертетін белгілер ілінуге тиіс.

11.3.4. Газ баллондарын тасымалдау көтергіш құралдар ретінде сертификаттауға және тексеруге жататын арнайы себеттердің, арбашалардың немесе контейнерлердің көмегімен жүзеге асырылады.

11.3.5. Жанатын және сұйық газ бар баллондарды сақтау күн мен жаңбырдан сақтандырылған ашық учаскелерде жүргізіледі.

11.3.6. Пайдаланылатын баллондардан басқа қысылған жанатын газ бар баллондар (пропан, ацетилен және т.б.) оттегінен бөлек сақталуға тиіс. Сақтау үшін шарбақталған контейнерлер пайдаланылады, онда газ бар баллондар тік қалыпта орналастырылады.

11.3.7. Адамдар тұрақты болатын кез-келген объектіде алғашқы медициналық пунктте объектіде пайдаланылатын барлық қауіпті химиялық заттардың тізбесі, сондай-ақ теріге, көзге және ас қорыту және демалу органдарына түскен кезде оларды бейтараптандыру үшін дәрі-дәрмектер болуға тиіс.

11.3.8. Мердігер бұрғылау қондырғысының палубасына труба материалдары мен өзге де жабдықтарды жеткізу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге тиіс, ол Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі жоспарға кіруге тиіс.

12. Суасты өндірістік жабдық пен труба құбырларын салу, пайдалану, жөндеу және бөлшектеу

Міндетті тапсырмалар

12.1. Суасты труба құбырларын салу, пайдалану, жөндеу және бөлшектеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

13. Тасымалдау

13.1. Мұзбен тасымалдау

Міндетті тапсырмалар

13.1.1. Мердігер мұзбен тасымалдау үшін қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге және мұзбен тасымалдау үшін оның тиісті қауіпсіз жабдықтары болуға тиіс.

13.2. Теңіз тасымалдары

Міндетті тапсырмалар

13.2.1. Теңіз тасымалдарына байланысты барлық операциялар ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Теңіз және өзен регистрымен реттелетін

Қазақстан Республикасының теңіз тасымалдары жөніндегі ережелері мен тәртіптеріне сәйкес келуге тиіс.

Ең аз талаптар

13.2.2. Мердігер теңіз тасымалдарының қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулар әзірлеуге, онда персонал мен жүктерді тасу тәртібі, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар тәртібі жазылуға тиіс.

13.2.3. Теңіз объектісі көмекші көлік кемелерін байлау үшін айлақпен және персоналды қауіпсіз отырғызу немесе көшіру үшін жоғары палубаға жететін басқыштармен жабдықталуға тиіс.

13.3. Әуе тасымалдары

Міндетті тапсырмалар

13.3.1. Тік ұшақпен және өзге де тасымалдармен байланысты барлық операциялар Көлік, байланыс және коммуникациялар министрлігі реттейтін Қазақстан Республикасының тік ұшақпен тасу жөніндегі ережелері мен тәртіптеріне сәйкес келуге тиіс.

Ең аз талаптар

13.3.2. Мердігер Тік ұшақпен тасымалдауға байланысты операциялардың жоспарын әзірлеуге және енгізуге тиіс. Осы жоспарда персоналдың жұмысы мен материалдарды берудің тәртібі, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі жазылуға тиіс.

13.3.3. Теңіз қондырғысына немесе одан тік ұшақпен тасылатын барлық персонал қауіпсіздік ережелері бойынша ұшу алдындағы нұсқаулықтан өтуге тиіс.

13.3.4. Тік ұшақтан су астына түсуге іс жүзінде жаттығу теңіз объектісінде жұмыс істейтін персонал үшін теңізде тірі қалу жөніндегі оқу бағдарламасының бөлігі болуға тиіс.

13.3.5. Мердігер адамдар тұрақты болатын қондырғыдағы тік ұшақ алаңында жақсы жаттықтырылған және жарақтандырылған өрт командасының болуын қамтамасыз етуге тиіс, мұның өзінде осы команданың өрт костюмін киген бір мүшесі әр ұшу және қону кезінде болуға тиіс. Көбікті өрт сөндіргіш дереу пайдалану үшін дайын болуға тиіс.

13.3.6. Адамдар тұрақты болатын теңіз қондырғысына тікұшақтың қонуы мен ұшуы тікұшақты отырғызу жөніндегі диспетчердің басшылығымен жүзеге асырылуға тиіс.

14.0. Сүңгуір жұмыстары

Міндетті тапсырмалар

14.1. Барлық сүңгуір жұмыстары белгіленген тәртіппен жүргізілуге тиіс (16).

14.2. Мердігерде сүңгуірлік дистанциялық басқарылатын жабдықпен

байланысты жұмыстардың жоспары болуға тиіс, ол Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жоспарына енгізілуге тиіс. Осы жоспарда суға түсу операциялары барысында персоналдың және жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тәртіп жазылуға тиіс.

14.3. Барлық сүңгуір жұмыстары "Жұмыс жүргізуге рұқсат беру" жүйесіне сәйкес жүргізілуге тиіс.

15. Күкіртті сутек

Міндетті тапсырмалар

15.1. Күкіртті сутек күтілетін құрылыстарда Мердігер H_2S -пен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі профилактикалық шаралар мен нұсқаулардың жоспарын әзірлеуге және онда болуға тиіс, Жоспарда барлық қажетті сақтық шаралары, сондай-ақ H_2S уытты әсерінен қорғау және жабдықтар мен қоршаған ортаға күкіртті сутектің агрессивті әсерін кеміту үшін қолданылатын шаралар айқын белгіленеді.

15.2. Осы тараудың талаптары өнімінде күкіртті сутек бар скважиналарды салу және жөндеу кезіндегі кез-келген жұмыстарға да, сондай-ақ алаңдардағы оның болуы күтілетін бұрғылау жұмыстарына қолданылады.

15.3. H_2S -пен жұмыс кезіндегі профилактикалық шаралардың жоспары

15.3.1. Мердігер әзірлеген H_2S жұмыс кезіндегі профилактикалық шаралардың жоспарына қауіпсіздік рәсімдері, жабдықтар, жаттығу және іс жүзіндегі сабақтар кіреді.

15.3.2. Күкіртті сутектің көп шығуына байланысты төтенше оқиға туындаған жағдайда оқиғадан кейінгі бір сағат ішінде Төтенше жағдайлар жөніндегі бақылаушы органдарды хабардар ету қажет.

15.3.3. Жұмыс аймағының ауасындағы H_2S шоғырлануын айқындау қажет, одан асып 3 мг/текше метрше тең ПДҚ-дан асқанда әрекет жасаудың және қорғаныс жабдықтарын пайдаланудың барабар шараларын қолдану қажет.

15.4. H_2S -тің әсеріне шалдығатын жабдық

15.4.1. Егер күкіртті сутектің болуы күтілетін болса, Мердігердің коррозияға төзімді орындаудағы сульфидті шытынаудың алдын алатын ТҚЖ, сағалық және басқа технологиялық жабдықтары мен трубалары болуға тиіс.

15.4.2. Қондырғыда автоматты тұтанғышпен жарактандырылған шырақты желі немесе ұдайы қосылған жанарғысы болуға тиіс.

15.5. H_2S -тің мониторингі

Негізгі тапсырмалар

15.5.1. Объектіде H_2S -тің мониторингі мен табу жүйесі болуға тиіс, ол ауадағы күкіртті сутектің шоғырлануы 0,5 ПДК жеткенде бүкіл объект бойынша дыбысты және көзбен шолатын белгі береді.

Ең аз талаптар

15.5.2. Күкіртті сутектің болуы күтілетін объектіде ең кемінде ТҚЖ науамен қосатын құндақта, дірілдек елеуіште, бұрғылау ерітіндісін тасымалдау және сақтау учаскелерінде, бұрғылаушының пультінде, желдеткіш жүйесі үшін ауа жинайтын учаскесінде, сондай-ақ газ шығуы ықтимал саға жабдықтарының, манифольдтердің, қысыммен жұмыс істейтін процессорлық жабдықтардан орналасқан H_2S -тің стационарлық датчиктері болуға тиіс. Басқа нашар желдетілетін немесе жабық учаскелердегі жұмыс кезінде персонал H_2S -тің жылжымалы газанализаторлармен қамтамасыз етілуге тиіс.

15.5.3. Объектіде H_2S -ті табудың негізгі жүйесі қатардан шыққан жағдайда пайдаланылуға дайын H_2S -ті табу жөніндегі жылжымалы аспаптар болуға тиіс. H_2S -тің шоғырлануы 50 ПДК-ден асатын сұйықты өңдеу жөніндегі учаскелерде жұмыс істейтін персоналда көмірсутегі газдардың немесе күкіртті сутектің шоғырлануы газ қоспасының жарылыс шоғырлануынан ең аз мағынасынан 20%-ке жақындаған кезде дыбыспен және жарықпен белгі беретін жеке датчиктері болуға тиіс.

15.6. H_2S -тен қорғанудың жеке құралдары

М і н д е т т і т а п с ы р м а л а р

15.6.1. Газдану жағдайларында жұмыс істеуге тиіс барлық адамдар (күкіртті сутектің шоғырланудың деңгейі ПДК-ден асқанда) ауа жіберетін шлангті противогаздарда немесе демалу аппараттарында жұмыс істеуге тиіс.

Е н а з т а л а п т а р

15.6.2. Скважинаның өнімінің құрамында күкіртті сутек бар объектіде жұмыс істейтін барлық персонал баллондарда қысымды ауа бар, персоналдың газданған аймақтан шығуы үшін қажет, жұмыстың ұзақтылығы есептелген, өзін-өзі құтқару демалу аппаратурасының жиынымен қамтамасыз етілуге тиіс. Персоналға сақал өсіруге тыйым салынады, бет тегіс қырылуы тиіс.

15.6.3. Күкіртті сутекпен газдану жағдайларындағы жұмысты жалғастыру қажеттігі болған жағдайда ауаны тұрақты түрде беріп тұруды қамтамасыз ету үшін ауа коллекторларының, шлангтердің және маскалардың жүйесі болуға тиіс.

15.6.4. Н₂ S-пен жұмыс кезіндегі сақтық шараларына сәйкес көшіруге арналған барлық көмекші кемелерде (теңіз кемелері, тік ұшақтар және т.б.) адамдарды орналастыру және ауаны тиісті түрде қауіпсіз беру үшін бөлігі болуы тиіс. Көшіру кезінде палубада жұмыс істеуге мәжбүр персоналда демалу аппараттары да болуға тиіс.

15.6.5. Объектіде мыналардан тұратын қосымша қорғану жабдықтары 1) противогаз киген кезде қатынаста болу үшін боры бар сынып тақталары; 2) анемометрлер; 3) сиреналар; 4) реанимациялық бөлім; 5) құтқару арқандары мен байланатын қауіпсіздік белдіктері де болуға тиіс.

15.7. Н₂ S бар учаскелерде жүргізілетін операциялар

Міндетті тапсырмалар

15.7.1. Бұрғылау учаскелерінде Н₂ S шоғырланудың деңгейінің тұрақты мониторингі жүргізілуге, ал қорғаныс демалу аппараттары 1) құралды көтеру жүргізілгенде; 2) бұрғылау ерітіндісін айналдыру жүргізілгенде; 3) цементтеу жөніндегі жұмыстар жүргізілген кезде; 4) каротаждық жұмыстар мен перфорация өткізілгенде; 5) скважинаны сынау жүргізілгенде 30 секунд ішінде пайдалануға дайын болуға тиіс.

1-қосымша

Ережелердің мәтінінде сілтеме келтірілген
нормативтік-техникалық құжаттардың тізімі

1. Қазақстан Республикасында халықаралық, аймақтық және шет елдердің ұлттық стандарттарын қолдану тәртібі туралы. ПР РК 50.1.21-96

2. "Қайғылы жағдайларды тексеру және оның есебі туралы ереже..." ҚР Министрлер Кабинетінің 15.12.94, N 1414 P941414_ .

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды хабарлау мен мемлекеттік есебін жүзеге асыру тәртібі туралы. Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 7 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасының ішкі кеме жүзетін жолдарындағы көлік оқиғаларын жіктеу, тексеру және оның есебі туралы ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1995 жылғы 26 шілдедегі N 151 бұйрығы.

5. Стандарттау жөніндегі Халықаралық Ұйым, N 13819-1 құжат, Мұнайгаз өндіруші өнеркәсіп - Теңіз құрылыстары - 1-бөлім: Жалпы талаптар, 1996. (ДВ N 8 1 7 7) .

6. Қазақстан Республикасында мұнай операцияларын жүргізу кезінде жасанды аралдар, дамбалар мен құрылыстар және қондырғылар салу және оларды пайдалануға рұқсат беру тәртібі мен жағдайлары туралы ережелер. 1996 жылғы 24 маусымдағы N 772 P960772_ қаулы.

7. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым N 137 Б құжат Мұнай және газ өнеркәсібі - Теңіз платформаларының жүйелері - Өрттер мен жарылыстарды бақылау және шектеу үшін функционалды талаптар мен ұсыныстар, 1996 (ДВ N 8 1 7 8)

8. Мұнай өнеркәсібіндегі қауіпсіздік ережелері, 1995

9. Теңіз геофизикалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері (ҚР Таукенқадағалаукомы, 1995)

10. Теңіз сейсмикалық зерттеулерді жүргізу кезінде жарылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқау (ҚР Таукенқадағалаукомы, 1996.).

11. Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережелері. (ЖЖҚБЕ), Таукенқадағалаукомы, 1994.

12. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым, N 10418 құжат, Мұнайгаз өнеркәсібі - Теңіз пайдалану платформалары - Қауіпсіздіктің саға жүйелерін талдау, жобалау, орнату және сынау, 1993 (ДВ N 81179).

13. Құрамында күкіртті сутек және басқа да зиян және агрессивтік заттар бар кен орындарында скважиналар салу кезінде газмұнай көрінудің және ашық фонтандардың алдын алу жөніндегі уақытша нұсқау. 1988

14. Мұнай және газ скважиналарын жою тәртібі туралы ереже (02.06.95 N 63/1 2 1 - п) .

15. Мұнай операцияларына жататын жерасты труба құбырларын, электр берілісі мен байланыстың жерасты желілерін салу, төсеу, пайдалану және жөндеу кезінде қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау ережелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 732 қаулысы.

16. Сұңгуір жұмыстарында еңбек қауіпсіздігінің бірыңғай ережелері 1.06.062-9 4

17. Жүзетін бұрғылау қондырғыларына арналған санитарлық ережелер 1 . 0 6 . 0 6 1 - 9 4

18. Мұнай өнеркәсібіне арналған санитарлық ережелер 1.06.061-94.

19. Теңіз флотының кемелеріндегі жасанды жарықтың нормалары.

20. 12.1.003-83 - ГОСТ "Шудан қорғану құралдары мен әдістері"

21. 2874-82-ГОСТ "Ауыз су. Гигиена талаптары мен сапасын бақылау"

22. Кемелерден ластаудың алдын алу жөніндегі халықаралық конвенция (М А Р П О Л - 7 3 - 7 8)

23. Қазақстан Республикасының су кодексі K933000_ , 1993 жылғы 31 н а у р ы з

24. "Еңбекшілерді жұмыс орындарында ауаның ластануы, шу мен діріл әкеп соқтыратын кәсіби қауіп-қатерден қорғау туралы" Халықаралық Еңбек Конвенциясын бекіту туралы (ХЕҚ) 1977 жылғы N 148 Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң з а ң ы .

25. "Лицензиялау туралы" Z952200_ Қазақстан Республикасының Заңы
26. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Z960019

Қ Р

з а ң ы

— 27. "Авариялық-құтқару қызметтері мен құтқарушылардың мәртебесі туралы"
1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңы.

28. ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068 P971068_ қаулысымен
бекітілген "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі
мемлекеттік инспекциялар туралы ереже"

* Ескерту: Қазақстан Мұнай Ассоциациясы (ҚМА) мүшелерінің осы құжатты
әзірлеуге қатысуы, ҚМА тарапынан-ұйым ретінде де, оның жекелеген
мүшелерінің тарапынан да осы құжатта бар әр ережемен толық келісуін
білдірмейді. Солай дей тұра Қазақстан Мұнай Ассоциациясы Қазақстанның теңіз
аумақтарын барлауды және игеруді уақтылы жүргізу және нормативтік негізді
қамтамасыз ету мақсатында және келешектегі түрлендірулер мен нормативтік
реттеуді жетілдіру базасын жасау үшін осы құжатты қабылдауды ұсынады.